



«Көгілдір отын» жеткізіле басталды

3



Сыр басылымының сенсациялары

5



Төрт тарау жол жүрегімізді түйреп...

6



Құмырсаңның көйлегі

8



Сыр бойы



№144 (19822)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

26 қыркүйек / БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

■ ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ҰСТАНЫМЫ – БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУ

23 қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йоркке сапары АҚШ-тағы ықпалды талдау орталығы саналатын «Atlantic Council» («Атлантикалық кеңес») ұйымының қолдауымен ұйымдастырылған белгілі америкалық саясаткерлермен және сарапшылар қауымдастығының өкілдерімен кездесумен басталды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-ші сессиясы аясында Мемлекет басшысы БҰҰ Өркеніеттер Альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратинос пен және «Bloomberg» ақпарат агенттігінің негізін қалаушы әрі иесі Майкл Блумбергпен кездесті. Мемлекет басшысының Нью-Йоркке жасаған сапарының алғашқы күніне құрылған ресми бағдарламасы америкалық ірі компаниялардың басшылары қатысқан жиын өткізіліммен түйінделді.

24-25 қыркүйекте Қазақстан Президенті БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-ші сессиясы Жалпы дебаттарының ашылуына қатысты. Осы күндері Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Президенті Ули Маурермен, Болгария Президенті Румен Радевпен кездесіп, Польша Президенті Анджей Дудамен келіссөз жүргізді. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Грузия Президенті Саломе Зурабишвилимен, Украина Президенті Владимир Зеленскиймен, Иордания Королі II Абдалламен және БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен кездесті.

Ал кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясы 74-сессиясының Жалпы дебатында сөз сөйледі. Мемлекет басшысының сөз сөйлеуі Нью-Йорк сапарының басты оқиғасы саналады.

Қазақстан Президенті халықаралық беделді мінберде БҰҰ бүкіл адамзаттың мүддесін қорғайтын әмбебап әрі бірегей ұйым екенін мәлімдеді.

– Бүгінде Ұлттар ұйымы ғаламдық даму және өркеніеттер сабақтастығын қамтамасыз етуде аса маңызды рөл атқарып келеді. Бас хатшы Антониу Гутерриштің әр адам мен мемлекет тағдырын ортақ құндылық деп тауып, назардан тыс қалдырмау идеясын Қазақстан толық қолдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда елеулі кедергі келтіріп отырған әлемдегі геосаяси және геэкономикалық өзгерістерге қатысты өзінің алаңдаушылығын білдірді.

Осыған байланысты Президент ғаламның жаңа шынайы келбеті жағдайындағы сын-кәтерлердің негізгі факторларын атап көрсетті.

– Біріншіден, ескі қақтығыстарды қайта қаулап, әлемнің әр түкпіріндегі жағдайдың ушығуы бұрынғы бөліністердің жігіт ашып, жаһандық державаларды толықтай әскери қақтығыс жағдайына жеткізіп, жаңа мәселелер туындатып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екінші фактор ретінде ғаламдық және аймақтық ойыншылар арасындағы қарым-қатынаста бір-



біріне деген сенімнің жоқтығын атады. Оның айтуынша, бұл бүгінгі қауіпсіздік құрылымы мен қаруланды бақылау жүйесінің іргесін сөгіп, жаппай қаруландуға әкеп соғуы мүмкін.

– Бұл сын-кәтерлерді ұзақ мерзімді санкциялар, сауда соғысы, ғарыштағы бакта-

ластықтың артуы, кибертехнологиялар мен жасанды интеллект тереңдетіп жіберді. Осы айтылғандардың барлығы ушыққан фундаменталды дағдарыстың қауіпті аспектілерінің көрінісі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы үшінші фактор ретінде Солтүстік пен

Оңтүстік арасындағы әлеуметтік, экономикалық және технологиялық теңсіздікті, көзқарастар қақтығысының артуын, сонымен қатар ғаламдық қарыз дағдарысын атап көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаев про-тектционизм мен ұлтшылдық саясатының күшеюі халық-

аралық әріптестік пен ынтымақтастыққа кедергі келтіріп отыр деп санайды.

Ғаламдық тұрақсыздық факторын тудыратын төртінші мәселе – қоршаған ортаның тозуы. Президент Орталық Азиядағы климаттың өзгеруі даладың шөлге айналуына, мұздықтардың еруіне және ауыз су мен ағын судың қайнар көзінің тартылуына әкеліп соғатынын мәлімдеді.

– Осындай күрделі жағдайда Қазақстан инклюзивті және тұрақты даму, жан-жақты диалог пен бейбітшілікті сақтау саясатын ұдайы жүзеге асырып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ядролық қарудан азат бейбітшілікке қол жеткізу Қазақстан үшін негізгі басымдық болып табылатынын атап өтті. Баяндамада еліміздің антиядролық бастамаларына, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қаруды таратпау және қарусыздану процесіне қосқан елеулі үлесіне зор көңіл бөлінді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Иранға қатысты жан-жақты қамтылған бірлескен іс-қимылдар жоспары мен Корея түбегін ядролық қарусыздандыруды жүзеге асырудағы проблемалар тараптардың өзара мүдделерін ескере отырып, тек саяси әдіс-тәсілмен ғана шешілуі керек деп есептейді.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті қауіпсіздік пен даму бойынша толыққанды аймақтық ұйым ретінде қайта құруды ұсынды. Оның айтуынша, Қазақстан бұл ұсынысты 2020 жылы аталған ұйымға төрағалық ету кезінде

жүзеге асыруды қолға алмақ.

Президент Ауғанстан мен Таяу Шығыстағы жағдайға қатысты біздің елдің ұстанымын айтып, «Жусан» гуманитарлық операциясының тәжірибесімен бөлісуге әзір екенін білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ өз миссиясын орындау барысында кезгетін кейбір кедергілерге назар аударды. Осы орайда, Мемлекет басшысы Бас хатшы Антониу Гутерриштің БҰҰ-ны реформалау жөніндегі нақты әрі батыл қадамдарын ұйымға мүше-мемлекеттердің барлығы кенінен қолдауға лайықты екенін атап өтті.

Тұрақты даму мақсаттары туралы айта келе, Президент биылғы мамыр айында Қазақстанда ашылған Халықаралық ұйымдар ғимаратының базасында Орталық Азия мемлекеттері мен Ауғанстан үшін Тұрақты даму орталығын құру жөнінде ұсыныс білдірді.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы 74-ші сессиясының ресми іс-шаралары аясында АҚШ Президенті Дональд Трамппен қысқа кездесу өткізді.

Әңгімелесу барысында екі ел көшбасшылары Қазақстан мен Американың кеңейтілген стратегиялық серіктестігінің өзекті мәселелері мен перспективаларын талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-пен саяси, сауда-экономикалық, гуманитарлық, сондай-ақ өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы жан-жақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуды жалғастыра беретінін атап өтті.

■ САПАР

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ БАЙҚОҢЫРДА БОЛДЫ

Жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Аскар Мамин Байқоңыр қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуымен, сонымен қатар, ғарыш саласындағы Қазақстан-Ресей тараптарының ортақ жобаларын жүзеге асыру барысымен танысты. «Союз МС-15» басқарылатын ғарыш кемесінің ұшырылуы шарасына қатысты. Жұлдызды қалашықта «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған тұрғын үйлерді аралап көріп, қаланы газдандыру жұмыстарымен танысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аскар Ұзақбайұлына Байқоңыр қаласында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов баяндады.

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 50 пәтерлі бес үйдің құрылысы аяқталды. Құрылыстың жалпы аумағы -15,7 мың шаршы метр, мұнда 250 пәтер бар. Үйлер орталық су және кәріз жүйесіне қосылған. Жылу және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін табиғи газбен автономды бу қазандығы орнатылған. Қазіргі уақытта баспана кезегінде тұрған Бай-

қоңырдағы ҚР азаматтарына пәтер берілуде», – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, «Қызылорда облысын газдандыру және жаңа активтер құру» инвестициялық жобасын іске асыру аясында Байқоңыр қаласын «Бейнеу - Шымкент» газ құбырына қосу және Байқоңыр қаласының жеткізуші газ құбыры мен кварталшілік газ тарату желілерін салу бойынша жұмыстар жүргізілді. Бүгінде қазақстандық әлеуметтік нысандар мен бой көтерген 5 көпқабатты тұрғын үй газ желілеріне қосылған.



Тұтынушылар үшін газ бағасы текше метріне – 20,90 тенге.

Премьер-Министрге «Байқоңыр» кешенінде өркін экономикалық аймақ құруға байланысты жұмыстар да баяндалды.

Содан соң, Аскар Мамин қонақ үй кешендерінің құрылыс барысына, атап айтқанда, «Ресей» қонақ үйі мен «Нөлдiк квартал» қонақ үй кешені қайта жаңғырту жұмыстарына қанықты. «Ресей» қонақ үйінің ғимараты 1969 жылы салынған. Нысанды қайта жаңғырту 2013 жылы маусымда басталған болатын.

Қазіргі таңда қаланың

ойын-сауық, туристік әлеуетін арттыру үшін Қызылорда облысының әкімдігі мен Байқоңыр қаласының әкімшілігі «Ресей» қонақ үйі мен «Нөлдiк квартал» нысандарын жалға алу мәселесін талқылады.

Облысқа жұмыс сапарының соңында ҚР Премьер-Министрі «Союз МС-15» басқарылатын ғарыш кемесінің ұшырылуы шарасына қатысты. Ғарышкерлер – Олег Скрипочка (РФ), Джессика Меир (АҚШ) және Хаза аль-Мансури (БАӘ).

«СБ» ақпарат.

Екатеринбургта (Ресей) өткен Әлем чемпионатының жүлдегерлері, қызылордалық боксшылар Қамшыбек Қоңқабаев пен Тұрсынбай Құлахмет «Токио Олимпиадасынан қоржынымыз бос қайтпайды» деп отыр.

Назерке САНИЯЗОВА.

«Қоржынымыз бос қайтпайды»



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте спортшылар кешегі әлемдік дода кезіндегі әсерімен бөлісті. Өздерін зор қошеметпен күтіп алған жанкүйерлеріне алғыс білдірді.

– Жарыс оңай, қарсыластар осал болған жоқ. Әйтсе де, Сыр өңірінен Тұрсынбай екеуміз қатысып, қазақ еліне жүлде сыйлағанымызға қуаныштымыз. Кемшін тұсымызды жөндуге тырысып, келер жылғы Олимпиаданы бұдан да жоғары көрсеткішпен оралуға күш саламыз, – деді Қ.Қоңқабаев.

Еске салсақ, көрші мемлекеттегі дүбірлі дода қорытындысы бойынша Қазақстан жалпыкомандалық есеппе 1 ал-

тын, 1 күміс, 4 қола медальмен 3-орынды иеленді. Бұл сында аса ауыр салмақтағы Қамшыбек Қоңқабаев – күміс, 75 келідегі Тұрсынбай Құлахмет қола жүлделерді еншіледі. Былғары қолған шеберлері бір ай демалыстан кейін Токио Олимпиадасына дайындықты бастамақ.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Әкімов олардың алаңсыз жаттығуы үшін барлық жағдай жасалғанын жеткізді.

– Жалақылары жақсы. Оқу-жаттығу жиыны немесе қандай да бір жарысқа еш келергісіз қатыса алады. Екеуіне тек дайындықты күшейту керек, – деді ол.



Суреттері түсірген Б.Е.С.ЖАНОВ.



Жаңа қызметке шығарып салды

Сейсенбіде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов осы уақытқа дейін облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы қызметін атқарған Айдар Абдуалиевті жаңа қызметке тағайындауына байланысты құттықтап, сәттілік тіледі.

Айнұр БАТТАЛОВА.



– Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы қызметін атқарып келген Айдар Сейсенбекулы жаңа қызметке тағайындалып отыр. Айдар Сейсенбекулы – өз ісін жақсы білетін, басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілеті мен біліктілігі мол маман. Қай қызметте болсын жұмысын жоғары қабілетпен атқарып жүрген адам. Жергілікті атқарушы органдарда жемісті еңбек еткені үшін алғыс білдіремін, алдағы жаңа қызметіне табыс тілеймін», – деді аймақ басшысы.

Айта кету керек, Айдар Абдуалиев облыста 2013 жылдан бастап еңбек етті. Ол өзінің іскерлігі мен біліктілігінің арқасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуына үлес қосты. Жыныда облыс әкімдігі мен мәслихаттың бірлескен шешіміне сәйкес «Қызылорда облысының Құрмет грамотасы» табысталды.

Өз кезегінде Айдар Сейсенбекулы да ләзизін білдірді.

– Қызылорда облысында қызмет бабымен жүрген 7 жылға жуық уақытта талай тәжірибе жинап, жанашыр достар таптым. Сыр елі маған «арқан ыстық», – деп барша әріптестеріне алғысын айтты.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Әлеуметтік салаға серпін береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында бүгінгі заман талабына сай тиімді мемлекет құрудың ортақ тұжырымдамасын ұсынды. Онда еліміздегі маңызды мәселелер қамтылған әрі халық тұрмысын сапалық тұрғыда жақсарту көзделіп отыр.

Президент Жолдауында әлеуметтік стандарттарға деген жаңа ұстанымды жария етті. Ол азаматтардың тұрмыс-тіршілігіне, өмірлік маңызды мәселелерге және әлеуметтік қорғалуына бағдарлануымен көрініс тапты. Еліміздің әр азаматының әл-ауқатынын жақсаруы тікелей мемлекеттің дамуына, сондай-ақ сол азаматтардың өз өміріне, елді дамытуға қосатын үлесіне байланысты екені айтылды.

Кез келген дамыған мемлекет әлеуметтің әлсіз топтарына қолдау жасауды мойнына алады. Ал бұл санатқа жатпайтын уақытша жұмыссыздарға қатысты прагматизм және ортақ жауапкершілік принциптері қолданылмай. Қазақстанның жаңа әлеуметтік саясатының негізгі екі принципі бар: әлеуметтік кепілдіктер және жеке-жеке адамдардың жауапкершілігі. Осы екі принцип әділетті әлеуметтік саясаттың түпқазығына айналмақ. Алайда әділетті әлеуметтік саясат дегеніміз – әлеуметтік шығындарды шектеусіз өсіре беруден бастап. Мұндай мемлекеттің экономикасы түбінде тоқырауға ұшырайды. Бұл патерналистік пиғылдың жаппай күшеюіне әкеліп соғады. Жаңа-жаңы сарапталмай қабылданған шешімдердің салдарынан әлеуметтік көмек алатындар саны соңғы бес жылда 77 мың адамнан 1,4 миллион адамға артқан.

Әділетті әлеуметтік саясаттың негізгі сипаты тек жәрдемақы төлеумен шешінеді, ол әділетті мүмкіндік беруден тұрады. Яғни, әлеуметтік төлем алатындарды кәсіпке баулу, ұлттық кәсіпкерлікті барынша дамыту қолға алынады. Сондықтан да Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке «Атамекен» ұлттық палатасымен бірлесіп отырып, бір ай ішінде көп балалы аналарды микро және шағын бизнеске жұмылдыртып, соның ішінде, үйде отырып-ақ кәсіппен қамтитын арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырды. Яғни, «әділеттілік дегеніміз» – мемлекеттің «шекетсіз жәрдемақыларды төлеуі» деген түсінікті арылуымыз қажет. Әлеуметтік көмек адамды еңбек етуге ынталандырады тиіс. Аз қамтылған отбасылар үшін кепілдендірілген әлеуметтік көмек енгізілетін болады. Одан басқа шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсету жүйесі құрылып, әлеуметтік бағыттарға – отбасы бизнесін құруға, ең алдымен, көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларға баса мән бере отырып, бизнеске қолдау көрсетіледі. Демек, шағын бизнеске түсетін ауыртпалық азаяды. 2020 жылғы қаңтардан бастап, микро және шағын бизнес субъектілеріне тексеріс жүргізуге үш жылға тыйым салу туралы шешім күшіне енеді.

Президент халықты толғандырып жүрген барлық мәселелерге

дерлік тоқталды. Оның ішінде, басқарылатын урбанизация және бірінғай тұрғын үй саясаты да бар. Мемлекет басшысы атап өткендей, осы күнге дейін «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңдар өзін-өзі тиімділігін көрсетті. Бірақ бүгінде бұл заңдарды жетілдіру қажет. Осыған орай ең ірі үш қала әкімдіктерінің құзыреті, соның ішінде қала құрылысы саясаты, көлік инфрақұрылымы, қала сәулетін қалыптастыру салысының құзыреттері кеңейтіледі. Республикалық маңызды бар қалалардағы халық санының көптігі халықты әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін толық қамтамасыз ету тұрғысынан алаңдаушылыққа негіз болып отыр. Ірі қалалардың тұрғындары көбейіп келе жатқанымен, Павлодар және Петропавл сынды қалаларда адамдар мен еңбек ресурстарының тапшылығы бар. Үкімет көші-қон үдерісін басқару үшін шара қабылдап, тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру керек.

2019 жылдың 1 ақпанына қарағанда, Қазақстандағы қала тұрғындарының саны 58,1%-ға жетіп, 2009 жылмен салыстырғанда 4,9%-ға өскен. Сонымен бірге үш миллионға қала пайда болды: Алматы (1 856 480 адам), Нұр-Сұлтан (1 080 298 адам), Шымкент (1 011 538 адам).

Қала халқының табиғи өсімі, елді мекендердің қала мәртебесін алуы, қала маңы аудандарының пайда болуы, ауылды жерден қалаға қарай көшу, қалалық болуға ұмтылу – мұның бәрі урбанизация үрдісінің көрінісі. Ондай қаланың бірі – Шымкент.

Шымкент халқының саны жыл санап артауда. Мәселен, 2013 жылы халық саны – 683 300, 2015 жылы – 858 147, 2018 жылы – 1 010 855 болса, 2019 жылы 1 011 538 адам болды. Осылайша Шымкент миллионды қала атады. Көші-қон айырмасы мен демографиялық табиғи өсім бірнеше есеге өсті. Шымкенттің аумағы кеңейіп, жаңа шекарасы бекітілгені белгілі. Урбанданду

нәтижесінде Шымкент қаласының аумағы бастапқыда 40 мың гектардан 117 мың гектарға ұлғайды. Қала маңына іргелес орналасқан 44 елді мекен Шымкент аумағына өтті. Ал енді республикалық маңызды бар қаланың басты мақсаты – сол елді мекендердің инфрақұрылымдық жағдайын қалалық деңгейге жеткізу. Мұндай урбанизация үдерісі индустриалық аймақтарға тән. Дегенмен, ең жақсы жетістіктердің де өзіндік қиындықтары болады. Халқы тығыз орналасқан ірі қаланың қажеттіліктерін бақылау, мәселелерін шешу үшін лайықты деңгейде қолдау қажет. Әлемдік тәжірибеде осы уақыт аралығында мегаполистер жұмыссыздық, әлеуметтік жағдайдың төмендеуі, кей аудандарда инфрақұрылымдық жағдайдың өзгеруі немесе болмауы, экологиялық және әлеуметтік мәселелердің көбеюі көрініс табады. Мегаполистер дамыған сайын бұл мәселелер қолға алынады.

Баспаналы болудың тиімді тетігі

Баспана – қоғамның ең күрделі проблемаларының бірі. Осы күнге дейін халықты баспанамен қамтуды көздеген түрлі бағдарлама жұмыс істеп жатыр. Сонда да баспананы жеткілікті саны аз емес. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының дерегіне сүйенсек, соңғы 10 жылда тұрғын үймен қамтамасыз ету 30 пайызға өскен. Алдағы 12 жылда бұл көрсеткішті 40 пайызға арттыру жоспарланған, яғни баспанамен қамту жылғына 3,3 пайызға өсіп отыр.

Баспананы сұраныс көп болғанымен, сауда аз – халықтың төлем қабілеті төмен. Тұтас халықтың баспана мәселесін шешуге тиімді мемлекеттік саясат қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ұлықтау рәсімінде «Түрлі санаттағы азаматтардың қолжетімді баспаналауы болуына айрықша назар аударамын. Біздің алдымызда Бірінғай тұрғын үй саясатын жасақтау міндеті тұр. Үкімет осы бағытта нақты шаралар қабылдайды», – деді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда елімізде 31 мың көпбалалы және тұрмысы төмен отбасы баспана кезе-

гінде тұр. Алдағы 7 жылда 42 000 арендалық пәтер салынақ. Биылдан бастап жыл сайын 6 мың пәтер беріліп отырады. 2021 жылға дейін жұмысшы жастарға 3 мың пәтер беріледі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істеп жатқан жастарға арнап 1 мың пәтер салу жоспарланып отыр.

Ел тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету мәселесі – біліктің назарында. Бастапқыда әлеуметтік мүдделге орайластырылған «7-20-25» бағдарламасы аясында қарыз алушының отбасылық табысы орташа есеппен айына 320 мың теңгеге құрауы тиіс еді. Табысы аз адамдар бұған қатыса алмай отыр. Осы ретте еліміздегі республикалық маңызды бар қала – Шымкентте баспана құрылысы қарқын алған. Таяуда Шымкентте «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. «Бақытты отбасының» бұған дейінгі бағдарламалардан өзгешелігі бар. Несие шарты да тиімді, жылдық мөлшері – 2 пайыз. Оған көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар мен кемелет жасына толмаған балалары бар толық емес отбасылар қатыса алады. Бір гана талап бар. Ол – табысы көлемі отбасы мүшелеріне шаққанда адам басына 42 мың 500 теңгеге асып кетпеуі керек. Несие сомасының 10 пайызы көлеміндегі алғашқы жарна болған жағдайда жылғына 2% мөлшерімен несие беріледі. Мерзімі – 20 жылға дейін. Банк өкілдері мұндай мүмкіндіктің бұрын-соңды болмағанын айтады.

Бұл бағдарламаның көмегімен жаңа және қолданыстағы үйден пәтер немесе жер үй сатып алуға болады. Ең жоғары займ сомасы – Шымкент қаласында 15 миллион теңге. Өтінім беруші қылжымайтын мүлікті баспана кезегінде тұрған аймақта ғана сатып ала алады.

Был Елбасының бастамасымен іске қосылған «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жыл соңына дейін кем дегенде 6 мың отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Президенттің айтуынша, кезекте тұрған аз қамтылған көп балалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде шешу керек. Бүгінде олардың саны 30 мыңға жуық. Баспана сатып алуға жағдайы жоқ азаматтарға әлеуметтік жағалау тәртібімен қоныстану үшін мүмкіндік беру қажет. Мемлекет 2022 жылға қарай осы мақсаттарға 240 миллиард теңгеден астам қаражат бөледі.

Үкімет жыл соңына дейін жаламалы пәтерлерге, сондай-ақ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген баспана заемын алуға кезекте тұрғандарды есепке алудың ұлттық бірінғай жүйесін құруы тиіс.

Қазіргі таңда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында, көпбалалы тұрғын үйлерді басқару, күтіп-ұстау, оларға қызмет көрсету ең басты және өткір де өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Коммуналдық желілердің тозуы 65 пайыздан 57 пайызға төмендегеніне қарамастан, бұл көрсеткіш жоғары болып отыр. Көп пәтерлі 78 мың үйдің 18 мыңнан астамы жөндеуді қажет етеді. Өңірлерге тұрғын үй қорын жаңғырту және жөндеу үшін екі жыл ішінде бюджеттен астам қаражат бөлу керек. 2022 жылға қарай өңірлерді дамыту бюджеті 800 миллиард теңгеден асып кетеді. Өкімдерге жергілікті мәслихаттармен бірігіп, осы қаражаттың жартысын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту ісін бірлесіп қаржыландыруға және өңір тұрғындарының өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттауды қамтамасыз ету керек.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы еліміз, халқымыз үшін ең маңызды мәселелердің бірі. Бұл салада шешімші келе жатқан мәселе де көп. Саланы дамытуды көздейтін бірқатар ережелер заңнамада жан-жақты белгіленген. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы тұрғын үй қорын басқарудың жаңа моделін енгізуге, көп пәтерлі тұрғын үйлерді кондоминиум объектілері ретінде тіркеу тәртібін айқындауға және кондоминиум объектілерін басқару және күтіп-ұстау жөніндегі қызметті реттеуге, жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджет қаражаты есебінен қолда бар көппәтерлі тұрғын үйлерді техникалық зерттеп-қарауды қамтамасыз ету, оларды тіркеу және сәйкестендіру құжаттарын дайындау бойынша құзыретін айқындауға, жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй инспекциясының құзыретін нақтылауға бағытталған. Қазіргі таңда бұл заң жобасы Сенатта қаралады.

Заң жобасы қаражатты жұмсаудың ашықтығын, сондай-ақ халыққа қаржылық жүктемені төмендетуді, ірі жөндеу жұмысы тарына жұмсалған қаражаттың жұмсалуды тиісті бақылауды қамтамасыз етеді. Сондықтан бүгінгі заң жобасы аталған сала бойынша жүктелген міндеттерді жан-жақты, тиімді шешуге ықпал ететін болады.

Мемлекет басшысының айтуынша, халықты қолжетімді баспанамен қамту үшін бірінғай тұрғын үй саясатын жасақтау қолға алынады. Президент еңбек ететін тұрғындарды және халықтың әлсіз топтарын қолдау саясатын жалғастыруды көздейді. Жолдауда белгіленген тапсырмалар бойынша Парламенттің алдында үлкен міндеттер тұр. Жолдауда жүзеге асыру бойынша бірқатар заңдар қабылданып болады. Экономиканы дамытумен қатар, әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешуді әр қазақстандық үшін маңызды.

Айгүл ҚАҒЫБАЕВА,
Парламент Сенатының депутаты,
“Egemen Qazagstan” zsemiti.

Екі буынның үндестігі

«Nur Otan» партиясының облыстық филиалында жасотандықтар еңбек ардагерлерімен кездесіп, өнегелі әңгіме өрбітті. Партияның «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында өткен жылы облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлиязарова мен қоғам қайраткері Алмағұл Божанова қатысты.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Кездесуде Ақмарал Шөрпінбайқысы елдің, ел ағаларының жастарға артқан үміті мол екенін, ел болашағының жарқын болуына жастардың арқалар жүйі салмақты екенін айтты. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов жұмыспен қамту, кәсіби бағыт-бағдар беру бағытында жемісті жұмыс жүргізіліп отырғанын алға тартты.

– Бүгінде өзін-өзі дамытамын деген жасқа мүмкіндік көп, жаңа жобалар жетерлік. Мәселен, жеті жұрттың тілін білуді мақсат еткендерге болашақтың есігі ашық дер едім. Бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетіндер өз елінде де, шетте де бәсекеге қабілетті жанға айналады. Осыған орай біз біз «Free English club» жобасын сәтті жүзеге асырдық. Бизнес өлеміне еркін еңуге септігін тигізген жобалар да идеясы мол, кәсіпкерлікке икемі бар жастарға қанат бітірді. «Жастар жылына» орай да Сыр өңірінде бірқатар тың бастамалар қолға алынды, – деді Қ.Жанұзақов.

Жыны барысында ардагерлер ұшқыр ой, тың идеяға бай осындай жастар барда, егемен елдің келешегі баянды болатынына сенім білдірді. Үлкенді ардақтанған жастарға ақ батасын беріп, алғаусыз алғысын айтты. Шара қорытындысында ардагерлерге облыстық партия филиалының Алғыс хаты мен арнайы сыйлықтары табыс етілді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Білім мен денсаулық – басты назарда

Жуырда облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Бақытжан Сайлыбаевтың төрағалығымен кенестің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде екі мәселе – атап айтқанда, азаматтардың денсаулығына байланысты мүгедектігін рәсімдейтін дәрігерлік-консультациялық комиссияның жұмысы, облыс бойынша тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудің бүгінгі жағдайы және ауруханада емделушілер мен емханада есепте тұратын науқастардың тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуі талқыланды. Сондай-ақ, облыс мектептерінің жаңа оқу жылына даярлығы, білім ошақтарының құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстарының барысы, халық тығыз орналасқан шағын аудандарда жаңа мектептер салу мәселелері ортаға салынды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Бірінші мәселе бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусәметов баяндады.

Облыста 790 мың тұрғынға 23 стационарлық, 19 амбулаториялық емханалық ұйым медициналық қызмет көрсетеді. Қаржыландыру көлемі соңғы 6 жылда 39,8 процентке артқан. Нәтижесінде соңғы 3 жылда медициналық ұйымдардың құрал-жабдықтармен жарақтануы 43 процентке артып, 73,2 процентті құраған.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында биыл 9 дәрігерлік амбулатория, жергілікті бюджет есебінен 4 фельдшерлік-акушерлік бекет қолданысқа берілген.

– Осы қыркүйек айында Қазылы ауданаралық ауруханасында ангиограф қондырғысы іске қосылды, Арап, Қазылы, Қармақшы аудандарының тұрғындарына көмек көрсетілді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде облыстық медициналық орталығына ангиограф қондырғысы мен компьютерлік томограф (КТ), Байқоңыр қаласындағы филиал мен Жаңақорған аудандық орталық ауруханасына КТ құрылғысын орнату жоспарлануда. Ал, дәрігер тапшылығын шешу үшін біз өз тарапымыздан соңғы 3 жыл көлемінде 399 жас мамандық медициналық мекемелерге тартып, оның 49

процентін бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету ұйымдарына жолдадық. Биыл 62 жас маман жұмысқа тұрса, алдағы айда қосымша 40-қа жуық маман келеді деп күтіледі, – деді басқарма басшысы.

Нәтижесінде қазір медициналық ұйымдардың дәрігерлермен қамтылу көрсеткіші 82 процентке жетті.

Бүгінде мүгедектікті тағайындау мәселесі өзекті екені белгілі. Облыста биылғы 6 айда 30008 мүгедек болса, оның 14149-ы I-II топ, 11345-і III топ және 4514-ін 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар құрайды.

– Мүгедектікті тағайындау салаларлық бағыттағы жұмыстар болып саналады. Атап айтсақ, мүгедектік белгілері бар науқастарды динамикалық бақылау, мүгедектік белгілері анықталса, науқас тіркелген емханадан медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясына жолдау денсаулық сақтау басқармасына қарасты бастапқы медициналық санитариялық көмек көрсету ұйымдары арқылы жүргізіледі. Мүгедектік тобын тағайындау еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон департаменті арқылы жүргізіледі. Облыстағы 19 БМСҚ ұйымы дәрігерлік кеңес комиссиясымен қамтылған, – деп атап өтті Ж.Әбдусәметов.

Биыл 6 айда 1197 адамға алғаш рет мүгедектік тағайындалған. 1197

мүгедектің 831-і ересек болса, 366-сы бала. Ересектердің 83,6 проценті еңбекке қабілетті жастағылар.

Мүгедектікке шығудың нозологиялық құрылымын саралағанда, бірінші орында көп айналмай жүйесі аурулары болса, екінші орында катерлі ісік, ал үшінші кезекте, жарақаттар салдарынан алғашқы мүгедектікке шығу басымдылығы анықталса, төртінші орында – көз аурулары.

Ал тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз ету мақсатында 48 ауру түрі бойынша 320 халықаралық атаумен дәрілік препараттарға тапсырмасы жасалған. Бүгінде СК «Фармация» ЖШС бірінғай дистрибуторы арқылы қыркүйек айына 3,3 млрд теңгеге дәрілік заттар жеткізілген. Сонымен бірге сирек кездесетін 12 ауру түрімен ауыратын науқастың қосымша дәрі-дәрмекпен, басқа да қажетті медициналық бұйымдармен тегін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджеттен қаржы бөлінген. Нәтижесінде биыл 7 ауру түрі бойынша 81 науқасқа 81468 мың теңгеге дәрі-дәрмекті тегін берілген.

Осы орайда кеңес мүшелері мүгедектікке шығуда тұрғындар арасында қонітлодаушылықтардың жиі орын алатынын алға тартты. Әсіресе, емханадан тиісті дәрігерлік құжаттың дұрыс толтырылмауы салдарынан мүгедектікті тағайындайтын комиссия аялдануы кері қайту жағдайының жиі орын алатынын айтуынша, Сонымен бірге мүгедектікті тағайындайтын комиссиялардың әр емхананы бөліп алып, солардан жолданған науқастарды ғана қарауы сыйбайластыққа көл бетеріп, яғни жемқорлық тәуекелдігін арттырып жағдай екенін алға тартты. Ол бойынша бірқатар ұсыныс білдірді. Сыртқа денгейі белгілі бола тұрып науқасты жыл сайын комиссиядан өткізудің қиынсыз екенін айтып, көзге көрінген тұрған ауруды зурге

салмай-ақ, бірден ұзақ мерзімге тағайындаудың заңдылығын талқылады. Кеңес мүшелерінің сұрақтарына еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаментінің маманы Гүлнәр Алтынбасова жан-жақты жауап берді.

Ал мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы, білім ошақтарының құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстары туралы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов баяндады. Жаңа оқу жылында 293 мектепте оқушылар контингентті білтірмен салыстырғанда 9000-ға көбейіп, 162684 оқушыны құраған. Оның ішінде, 1 сыныпқа келгендер саны 1500-ге артып, 20539 оқушы қабылданды.

– Биыл 1 маусымнан бастап 1 сыныпқа қабылдау процесі автоматтандырылған жүйеге қосылды. Барлық оқушылар мектептерге толық орналасуы. Оқу процесі 1-2 ауысымда жүргізіледі. Сондай-ақ, алдағы 3 жылда оқушылар санының өсуі болжанып отыр. Мәселен, 2020 жылы – 8000 балаға, 2021-2022 жылдары 6000 оқушыға көбеймек. «Саяхат», «СІМҚ», «Арай-3» жаңа шағын аудандарда мектептердің болмауына байланысты 2000-ға жуық оқушы №2 «Мұрагер», №101, 264 мектептерге қатынап оқуда. Осыған орай, бұл шағын аудандарда салынатын 1200 орындық 3 мектептің жоба-сметалық құжаттары әзірленді, келер жылы құрылыс басталады деп жоспарланып отыр, – деді Б.Бердәулетов.

Бала саны көп мектептер негізінен лицей, гимназия мәртебесінде. Ата-аналар тұрғылықты жеріне қарамастан балаларын осындай білім ұяларына береді. Осыған байланысты биылдан бастап бірқатар мектептерге ІТ-линей мәртебесі беріліп, информатика, робототехника пәндерін тереңдетіп оқыта басталды. Жаппасбай батыр көшесі бойынан салынып жатқан 600 орындық



ТАРАЗЫ

Қазақстан экономикасының шикізат секторы әлемдегі сұраныс пен оны реттейтін ұйымдармен жасалған келісімдерге сәйкес үйлесімді қызмет атқаруда. Бюджеттің негізгі кірісі саналатын мұнай бұл орайда экономиканы бірігі сүйрейтін индикатордың біріне айналып отыр.

Қазақстан экономикасы: қандай салалар жетекші орын алады?

Қазақстан жыл соңына дейін 90 млн тоннадан астам мұнай өндіретін болады. Белгіленген болжам да, нақты мүмкіндік те осы көрсеткіштің шамасын құрайды. Сонымен бірге шикізат секторында қалыптасқан баға Қазақстан бюджетінің жыл соңына дейін, тіпті 2020 жылдың алғашқы тоқсанында кіріс бойынша ешқандай алаңдамай қабылданған міндеттемелерді орындауына негіз қалайды.

Қазақстанда жылдық инфляция белгіленген дәлдіде сақталмады деген болжам бар. Ол шамамен 5-7 процент құрайтын болады.

Елімізде үстіміздегі жылдың 8 айында инвестициялардың өсімі 10,7 процентті құрады. Ең жоғары инвестициялық өсім ауыл шаруашылығында, құрылыс пен саудада және өнеркәсіпте байқалды. Сонымен қатар өнеркәсіп өндірісінің өсімі 3,2 процентке дейін артты. Осу қарқындары бойынша өңдеу өнеркәсібі кен өндіру өнеркәсібінен озық келеді. Оның ішінде машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, сусындар өндіру, фармацевтика салалары көш ілгері тұр. Қазақстанда, әсіресе, көп жылдардан бері «бұғып жатқан» жеңіл өнеркәсіп саласының «ұйқыдан оянуы» жақсылықтың нышаны ретінде аталады. Оның қатарында Қызылорда облысында тәуір көрсеткіштер қалыптасты.

Кен өндіру өнеркәсібінде негізінен металл кенін және мұнай өндіруді ұлғайту есебінен өсу қарқыны 3,1 процентке дейін артты. Елдегі құрылыс секторы тұрақты қарқынмен дамып келеді. Орындалған жұмыстардың көлемі 11,8 процентке өсті. Өнеркәсіп объектілерінің құрылысы, автомобиль жолдарын, газ құбырларын салу бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Сондай-ақ ірі зауыттарда құрылыс-монтаждау жұмыстары да уақытында атқарылған.

Ауыл шаруашылығында өндіріс көлемі 3,6%-ке, оның ішінде өсімдік шаруашылығы – 3,9%, мал шаруашылығы 3,5%-ке ұлғайды.

Экономиканың нақты секторындағы іскерлік белсенділік қызмет көрсету саласының өсуімен үйлесім тапты. Өсім 4,3 процентті құрады. Сыртқы сауда айналымы 53,8 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайды. Экспорт көлемі 32,9 млрд АҚШ долларын құрады. Импорт 20,9 млрд долларға жетті.

Азық-түлік тауарларының бағасы жылдық көрсеткіш бойынша 9%-ке өсті. Жылдық азық-түлік инфляциясының шамамен 60 проценті азық-түліктің кейбір түрлеріне, яғни – еттің 12,8%-ке, нан-тоқаш өнімдерінің және жарманың 12,6%-ке қымбаттауына байланысты болып отыр. Олардың инфляцияға үлесі 1 процентті құрады.

Үстіміздегі жылдың 8 айында республикалық бюджетке 4 трлн 363 млрд теңге кіріс түсті. 2018 жылғы 8 аймен салыстырғанда кіріс 118,1 процент құрады. Кіріс негізінен салықтың есебінен қалыптасты. Салықтардың өсуіне салықтық-кедендік әкімшілендірудің жақсаруы мен экономикадағы өсім ықпал жасады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан экономикасының негізгі салаларында қалыптасқан ахуал 2019 жылды оптимистік жағдайда қорытындылауға мүмкіндік береді.

Ж.ӘЛМАХАН.



ИГІЛІК

«Көгілдір отын» жеткізіле бастады

Алдағы жылу маусымында сырдариялықтар газ тұтынады. Қазір «көгілдір отынға» қосылуға дайындық жұмыстары кент орталығы Теренөзекте қарқын алды. Тұрғындар ауданға газ құбыры жүргізілгені бері қысқа дайындықты бастан кетті. Олар отын-көмір емес, газ пешін сатып алуға. Быыл кентте 350-дей үй газға қосылады деп жоспарланған.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Аймақта газдандыру жұмысы қарқынды жүргізіліп келеді. Облыс орталығы маңындағы бірнеше ауылдар, сол жағалаудағы жаңа қонысты айтпағанда, аудан тұрғындары да «көгілдір отын» игілігін көруде. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбыры құрылысы аяқталғаннан кейін аудандарға газ жеткізу мүмкін болды. Нәтижесінде 2015 жылы Арал, Қазалы, Шиелі, Жанакорған аудан орталықтары мен Байқоңыр қаласын газдандыру жұмысы жүргізілді.

Ігі іс жүйелі түрде жалғасын табуда. Быыл Сырдария ауданында автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысы аяқталып, кентшілік газ құбырларын жүргізу жұмысы қарқын алды. Жобаның құны – 2 млрд 442 млн теңге. Быыл республикалық бюджеттен 525 млн теңге, облыстық бюджеттен 14 млн теңге

бөлінген. 2020 жылға қарай республикалық бюджеттен 1 млрд 680 млн теңге, облыстық бюджеттен 188 млн теңге бөлу жоспарланған.

Сондай-ақ, Сырдария аудандық бюджет есебінен 30 млн 854 мың теңге қаржы бөлініп, быыл кент орталығындағы 9 әлеуметтік нысанның бу қазандықтары «көгілдір отынға» алмастырылмақ. Бүгінде газ желісін тұрғын үйлерге кіргізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл мақсатта «ҚызылордаГазМонтаж» бен «КазЭнергоПроектСтрой» серіктестіктері халыққа қызмет көрсетуде. Тұрғын үйге газ кіргізу бағасы 115 мың теңге болып белгіленген. Сондай-ақ, қаражатты бөліп төлеуге де мүмкіндік бар. Өзге өңірлермен салыстырғанда арзан баға мен төлеу механизмнің жеңілдігі тұрғындар көңілінен шығуда.

Қазір кент тұрғындары үйлеріне газ кіргізу жұмыс-



тарына белсене кірісті. Ерте қамданғандар газ құбырын жүргізіп те алды. Кенттегі жұмыс жайын Сырдария аудандық тұрғын үй-

коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Бахтиярван сұрады.

«ҚызылордаГазМонтаж», «КазЭнергоПроектСтрой» ЖШС уақыттен санаспай жұмыс істеуде. Себебі, тұрғындар тарапынан өтініші

өте көп. Быыл 350 отбасы газға қосылады деп жоспарлаудамыз. Бүгінде 25 үйге газ құбыры тартылған, – деді ол.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Жерді дұрыс пайдаланбағандарға бақылау күшейді

Жер – біздің ортақ байлығымыз. Табиғат анығын бізге берген теңдессіз сыйын бүгінгі ұрпақ қалай қадрлеп жүр? Асты мен үсті түрлі қазба байлыққа толы ұлан-асыр жер учаскелерінің игерілмей жатуы сырт көзге сың.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында жұртшылықты толғаңдарып жүрген жер мәселесіне арнайы тоқталды. Тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі оны игермей, босқа ұстап отырғанына баса назар аударды. «Елімізде «ион қорыған иттің» кебін киген «латифундистер» көбейіп кетті. Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс» деп атап өтті. Бұл бағытта біздің өңірде қандай жұмыстар жасалады? Газет тілшісі облыстық жерді пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Қайрат Тоғызбаевпен сұхбаттасқан еді.



– Қайрат Әбенұлы, мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көбі оны игермей отыр. Басқарма тарапынан оларға қандай шаралар қолданылады?

көлемінде айыппұл салынып, 35 ескерту түріндегі әкімшілік жаза қолданылды. Салынған айыппұлдың 1651,813 мың теңгесі мемлекетке өндірілді. Қалған 445,5 мың теңге айыппұлды

6609,5153 гектар болатын 230 жер учаскесінің салық мөлшерін жоғарылату туралы ұсынысты жеткіздік. Кірістер департаментімен бірлесіп тиісті шаралар жасалды. Былтыр берілген

бұзып пайдаланған жерді алып қою, оларды жыл соңына дейін ауылшаруашылық айналымына енгізуді қамтамасыз ету тапсырылған. Осыған сәйкес, мемлекет меншігіне қайтаруға бақылау күшейді. Жыл басынан бері 10053 гектарды құрайтын 39 жер учаскесі мемлекетке қайтарылды.

– Облыста жердің пайдалануы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау саласында қаншалықты мониторинг жүргізіледі?

– Жердің пайдалануы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау жөніндегі функциялардың іске асырылуы бойынша есептіліктің болмауынан атқарылған жұмыстарға талдау жасау мүмкін болмай тұр. Мәселені шешу мақсатында мониторинг жүргізу үшін «ZemControl» электрондық платформасын енгізу жобасы әзірленіп, облыстық кеңесте қолдау тапты. Бүгінде оның жүйесі әзірленіп, осы жылдың 1 шілдесінде жоба толық іске қосылды.

Соның нәтижесінде өңірімізде жерді пайдалану мен қорғалуына мемлекеттік бақылау жөніндегі функциялардың іске асырылуына еңбек ресурсын аз пайдалана отырып, тұрақты түрде талдау жасауға және есеп жүргізуге мүмкіндік туады. Проблемалық мәселелерге де талдау жасалып, дер кезінде шешілуіне қол жеткізіледі.

– Әңгімеңізге рахмет. Әңгімелескен Айсуле ҚАРАПАЕВА.



– Облыс көлемінде жердің пайдалануы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүйелі түрде ұйымдастыру мақсатында бірқатар іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Жыл басынан бері жалпы көлемі 605,2963 гектар жер учаскелеріне 276 бақылау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 204,8563 гектар жер учаскелерінде 204 субъект тарапынан 246 құқық бұзушылық дерегі анықталды. 19 дерек бойынша 2097,313 мың теңге

өндіру бағытында тиісті шаралар атқарылуда. – Жер учаскелерін пайдаланбағандарға салынатын салық мөлшері де жоғарылай ма? – Иә, әрине, жер учаскелерін пайдаланбаған және ҚР заңнамасын бұзған тұлғалар туралы мәліметті біз облыстық мемлекеттік кірістер департаментіне жолдап отырамыз. Айталық, өткен жыл мен былғы I жарты жылдың қорытындысы бойынша, жалпы көлемі

нұсқамалар қорытындысымен 1267,4 мың теңге қосымша салық есептелді. Быыл берілген нұсқамалар бойынша жоғарылатылатын қосымша салық мөлшерін есептеу жұмыстары жүргізілуде. – Ауыл шаруашылығы жерін мемлекет меншігіне қайтару бағытындағы жұмыстарға тоқталып өтсеңіз... – Тамыз айында ҚР Президентінің қатысуымен өткен кеңесте мақсатсыз немесе заңнаманы

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Жаңақұрылыстағы жарқын істер



Сонғы жылдары Қызылорда қаласында, аудандарда, ауылдарда күнделікті қызмет жасайтын әлеуметтік нысандар, мектептер, ауруханалар, дәрігерлік емханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, мәдениет үйлері және тұрғын үйлер бой көтеріп, халық игілігіне берілді. 2014 жылы тамыздың тамылыған бір күнінде сол кездегі облыс басшысы Қырымбек Елеуұлы Арал ауданының Қоқарал бөгетін көріп, сол өңірдегі халықпен кездескен болатын. Жаңақұрылыс елді мекенінің тұрғындары ауылда халыққа қызмет жасайтын мектептің, фельдшерлік-акушерлік пункттің ескілігін және жолдың қиыншылығын айтты. Халықтың тілегі орындалып, 200 орындық екіқабатты мектептің іргетасы қаланды. Келесі жаңа оқу жылында құрылыс аяқталып, ауыл шетінде, ұлы жолдың бойында көз тартатын еңселі екіқабатты жаңа мектеп бой көтерді. Сол жылы мектеп бітірушілер 2 «Алтын белгі» иеленді. Жыл құрғатпай түлектеріміз «Алтын белгі» алып және оны қорғап келеді. Жоғары оқу орындарының грант иегері атанды және жыл сайын 9-сынып бітірушілерден 2-3 оқушы

қызыл куәлік алып жүр. Быылдың өзінде 1 оқушымыз 132 бал жинап, алтыннан алқа тағып, 3 оқушымыз үздік куәлік, 6 оқушымыз жоғары оқу орнының грант иегері атанды. Тестілеуге дайындық кезінде оқушыларды олимпиадалық жарыстарға апару үшін мұғалімдер 165 шақырым жердегі аудан орталығына барды. ҰБТ-ға дайындайтын мұғалімнің жеке машинасымен қыстың боранында, көктемнің батпағына қарамай, дайындықтан қалмайды. Сондай осындай нәтижеге қол жеткізді. Әрине, қиындықсыз іс бітпейді.

Былтыр жаңа типтік фельдшерлік-акушерлік пункт халық игілігіне берілді. Быылдың өзінде Жаңақұрылыс пен Бекарыстан би аралындағы 23 шақырым тас жол жаңадан асфальтталуда. Осындай толымды істер Арал ауданынан шалғай орналасқан Жаңақұрылыс елді мекенінде жалғасын табуда.

Сердалы ШАЛБАЕВ, КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі. Жаңақұрылыс ауылдық ардагерлер кенесінің төрағасы. Арал ауданы.



Патшалық Ресейдің отаршылдары Қазақстанның оңтүстік облыстарын басып алған соң бұл жерлерде түрлі әлеуметтік өзгерістер орын алды. Сырдың төменгі ағысында, атап айтсақ, Перовск уезінде отарлаушы елдің ықпалымен заманға сай оқу орындары ашыла бастады.

Перовсктегі алғашқы мектеп



Орта Азия халықтарында білім беру саласы барлық мұсылман елдеріндегідей діни білім берумен тығыз байланысты болды. Сондықтан көптеген жергілікті мектептер – діни білім беру мекемелері еді. Олар екі деңгейге бөлінеді, төменгі деңгейі «мектеп», жоғары деңгейі «медресе» деп аталатын. Сырдария облысына қарасты Кіші, Орта, Ұлы жүз қазақтары отырықшы оңтүстік Түркістан халқымен тығыз байланысқа келді. Бұл қазақ халқының білім алуына үлкен әсер етті. Бұрынғы татарлардың дала халқына деген діни ой-ықпалы шеттетіліп, Бұқара, Ташкент, Самарқанның медреселерінен шыққан ишандар және діни уағыздаушылар халыққа білім беру саласын өз қолдарына ала бастады. Бұған орыс әкімшілігі тарапынан қарсылық туған жоқ.

Перовскте ең алғашқы мектеп 1860 жылы 14 сәуірде діни қызметші Андрей Евграфович Маловтың пәтерінде ашылған. Прарощник Батаршин және юнкер Давыдов Маловтың ақысыз көмекшісі болды. Алғашқыда мектепте 6 ер бала мен 9 қыз бала білім алған. Онда оқу, жазу және арифметика оқытылған. Мектептегі оқу табыстары айтарлықтай жоғары емес. Ешқандай оқулық жоқ, 30 шақты үйреткіш-әліппе ғана болған. Алғашқыда білім беру жұмысы сөзсіз басталды. Смирновтың мәліметі бойынша Қазалы мектебі жұмыс жасауда 1860-1865 жылдары оқу бағдарламасын бірде-бір бала бітірген жоқ. Ал Перовск мектебін 1863-1870 жылдары бар болғаны 5 бала бітірді. Оның негізгі себебі – мұғалімдердің сауаты. Мектеп ісімен таныс емес әкімшілік қызметкерлері мұғалімдерді қалдамады. 1862 жылы мектепте 13 орыс пен 2 қазақ ер бала және 4 қыз бала оқыған. Мектеп ашылған күннен бастап 1863 жылдың қазан айына дейін, 43 ер және 19 қыз бала оқыған, олардың ішінде күресті бітіргені 2 ұл мен 2 қыз бала болды.

Қазақ балалары үшін мектеп 1863 жылы 6 желтоқсанда ашылды. Мектептің ашылуына көптеген танымал қазақ азаматтары қатысқан. Ашылуға полковник Веревкин құттықтау сөз сөйлеген. Мектеп сабақтары 29 оқушыға, оның ішінде 16 қазаққа басталды. Қазақ оқушылары үшін мектеп жанынан 25 адамға арналған пансион болған. Алғаш мектеп ашылғанда қазақтар да, орыстар да бұл мектептің болашағы жоқ деп ойлады. Қазақтар бұл іске бұрын кезікпегендіктен сенбесе, орыстар қазақ мұғалімдерінің жұмыс істегенін көріп сенімсіздік танытты.

1870 жылы 16 наурыздағы ережеге сәйкес мұсылман оқу орындарына қатаң бақылау орнатылып, Н.Ильминскийдің жүйесі енгізілді. Бұл ережеге сәйкес, мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқыту міндеттелді. Мектеп пен медреселерді ашуға орыс тілді мұғалімдер болған жағдайда ғана рұқсат берілді. Ауылды жерлердегі мектептер, көшіп жүргендіктен, сабақ жаз айларында киіз үйлерде, ал қыста жер үйлерде оқытылған. Оқу мерзімі 5-8 жылға созылып, 8 мен 17 жас аралығындағы балалар дәріс алған. Бұл оқу орындарындағы басты пән құранды жатқа үйрету болғандықтан «Иман шарт», «Шариғат үл іман» сияқты діни кітаптар оқытылды. Мұсылман мектептері мен медреселерін Орынбор мүфтилігі де тікелей қалағалап отырды.

1878 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1863 жылы ашылған мектептің атауы қаладық екі кластық училище болып өзгеріп, қазынадан жылына 2190 рубль бөлінді. Ал, 1884 жылы қайтадан үш кластық қаладық училище болды. 1891 жылы училищені жанынан ағаш ұстаығы сыныбы ашылды, кейіннен етікшілік пен көк еңбегі қосылды. Аз уақыт ересектерге арналған кешкі сыныптар да ашылды,

бірақ білім алатын адам санының тым аз болуына байланысты 1891 жылы жабылып қалды. Е.Смирнов оқу орындары туралы былай деген: «Мектептер мен медреселердің ішкі және сыртқы кейпі қарапайым. Негізінде бұл бір бөлмелі, терезе орнына бірнеше есігі бар мешіт жанында орналасқан кішкентай ғимарат. Жазда барлық есіктері ашылып қойылады, ал қыста негізгі есігі ашылып қойылады, ал қалғандары қағаздар жапсырылған рамалярмен жабылады. Бұған қоса кейде тамның төбесінен жарық түсетін және ауа кіретін тесік қалдырылады. Жазда есіктердің ашық болуына байланысты бөлме іші жарық болса, қыс мезгілінде қараңғылау болады, бұл қараңғылық жергілікті үйлердің бәріне тән. Бөлменің еденіне бірнеше қатыр бөрелер қойылады, бұл бөрелер парта орнына пайдаланылады. Ортада мұғалім отырады. Бөлменің еденіне қамыстан тоқылған текемет я сабан төселеді. Жоғарыда айтылған мектептер жақсы мектептер болып саналады, алайда көптеген мектептер мұғалімдердің жеке не жалдамалы үйлерінде, мешіттерде уақытша жасалған шатыр астында орналасады. Мұғалім болу үшін арнайы білім керек емес, сауаты болса болды. Жарықтай көшпенді ауылдарда мектепті ишандар өз қолдарында ұстап, діни ұғт жұмысын бірге жүргізеді».

Сырдың оңтүстік далаларында жайғасқан халықты 1885 жылдары Түркістанның оңтүстігінен келген мұсылман діндарлары бірте-бірте өз қанаттарының астына ала бастады. Осының нәтижесінде қазақ-орыс мектептерінде тек кейбірлерін балалары қалды. Ал сұлтандардың, рубасыларының және ақалтұрлардың балалары білімді Орынбордан, Троицкте орналасқан татар мектептерінен, Перовск қаласындағы сарттардың және татарлардың мектептерінен немесе үйден оқығанын мұғалімдерден және ауылмен бірге көшіп жүрген имамдардан, молдалардан алды. Перовск уезінде 1885 жылы 1488 оқушысы бар 438 көшпенді мектебі болған, орташа алғанда әр мектепке 3 оқушыдан келген. Жергілікті оқу орындары 1892 жылмен салыстырғанда біршама өсіп, білім алушылардың саны да едәуір көбейген. Перовск қаласындағы жалпы білім алушылардың 77,45%-і ер балалар болды. Білім алушылар қала халқының 3,8%-ін құрады. Бұл облыстың басқа уездерімен салыстырғанда едәуір жақсы деңгейі еді. 1893 жылы 1 наурыздағы бұйрық бойынша, оқу мерзімінде бастауыш мектептердің әр шәкірті 3 сом 50 тиыннан, ал жоғары мектептің шәкірті 7 сом ақы төлеуі тиіс болды. 1889 жылғы мәлімет бойынша Перовск уезіндегі ата-аналар молдаға жылына бір түбеге және әр оқушыға айына 30 тиыннан төлеген. Кейде молдаға басқа да сыйлықтар беріліп отырды.

1898 жылы Түркістан генерал-губернаторының бұрынғы көмекшісі Ивановтың төрағалығымен құрылған комиссия өлкенің барлық облыстарындағы мұсылман мектептерін, облыстық және уездік әкімшіліктің қарамағына тіркеу, бақылауды қолға ала бастады. 1899 жылы Түркістан генерал-губернаторының жергілікті әкімшілікке барлық мұсылман мекемелерін – мектептерді, мешіттерді, мазарларды, сондай-ақ олардың мүліктерін анықтауды, тұратын жерін, ондағы ұстаздар мен ишандардың тізімін жасауды бұйырды.

Сырдария облысында білім беру, оқу-ағарту ісі көбінесе отарлаушы елдің ықпалында жүргізілді. Алайда, көшпелі халықтың сауаты жоғарыланғанын көруге болады.

Қуандық ҮСЕНБЕКОВ,
№110 мектеп-лицей
мұғалімі, тарих магистрі.

Ғибратқа толы ғасыр

Сонау бір уақытта шалқыған Аралдың осы күні сортаған тартқан жағасында шаңырағын тік ұстап, түгінін тұзу ұшырып отырған Бөген ауылы бар. Бұл елдегі киелі мекен осы күні ғасыр жасқа толып отыр. Сол «құтхана мешітті» тілге тиек етсек, Арал бойындағы айтулы жер – Бөген болмысы түгелдей көз алдымызға келер еді. Ал Бөгенді айтсақ, бүкіл Арал өңірінің тарихы мен таланы көңілде тұрары хақ. Сондай терен тарихи сабақтастық бар бұл жерлерде.

3.Шүкіров атындағы №20 Бөген орта мектебінің 100 жылдық мерейтойы осы өлкенің өткеніне ой жіберіп, тарихына байырқалы бойлап жасауға шақырған сондай бір тұғырғы сәтті айла тартып тұр.

Осыдан бес жүз елу жылдары бұрын, Қазақ хандығы құры-

он сан ноғайдың бүлген жері» деген сөз үлкен тарихтан болса, «Орманбет төбесі» деген орын күні кешеге дейін бұл ауыл шалдарының аузында жүретін. Ол – Тұшы мен екі арадағы орығұл құмның бір биігі еді. Басыдан бес жүз елу жылдары тас сынықтары, адам, мал сүйегі



лардан да ілгерірек, «орыска орам бермейміз!» деп, сонау «салпыншақ үш өзен» – Танасу, Еділ, Жайықты тастап, қараорман халқымен үдер көшкен ұлы абыздар Асан Қайғы, Қарға бойлы Қазтуған, Орманбет, Шерғұтты (хан-билер) соғыса шегініп, кең даланы шандата шұбап, Аралдың қыр бетіндегі Хантаөрткіл биікке табан тірей, мәсихат құрған деседі. Сонда Асан ата Желмаясын жазулап, әрі қарай қазаққа құт болар қоныс іздеуді мақсұт етеді. Қазтуған шері Сырдария асып, «жанға сақтау болар жайды», Қызылқұм беттен қарауды ойлайды. Сонда қауыммен Арал жағасы – Сырдың құярығында далауға ұйғарған Орманбет ата осы мандарға табан тіреп тұрақтаған екен. Абыз ата Тұшыөкіл мен Бөген басат арасындағы тар қылтаны қорғанда, осынау шұрайлы өлкені жұртының байырқалы-баияды өміріне мекен етуді ойлайды. «Он алдым – Көкіш» аталған сол өлке – бір беті Тұшыөкіл, бір қапталы дария, бір жағы теңіз – үш таған, үш қорған ортасындағы шұрайлы жер сонау жұртқа құтты қоныс болатын еді. Міне, бүгінгі Бөген ауылының іргесі сол кезден бастап көтерілген деуге осындай негіз бар. (Ел үлкендерінің жорамалы, мен соған сүйендім).

«Орманбеттің өлген жері –

шашылып жататын... Бұл – ілгері тарихтан бүгінге жеткен белгілер және әліге дейін сыры ашылмай жатқан жәдігерстан деуге болады.

Бөгеннің осындай тереннен тартылған негізі бар. Ел бастаған көсемдер, аузы дуалы би-шешендер, батырлар мен бағылдар қаулап шыққан бұл жерлер, әсіресе, соңғы кезеңнің көркем туындыларында, мақала, зерттеу еңбектерінде молынан қамтылып жүр. Нияз Жәңке, Теке Төлеп, Кешубай Арыстанбай, Ақпан Тайлақ, Жумағұл Құлбарак батырлар, Сары, Бекетай билер, Нұржан ишан, Шермағамбет, Тәжімбет мақсымдар, Алтынбай мешітін ұстаған Смағұл ахун, әулие Жемісбай сияқты ел жадында қалған қасиеттілер – осы Бөген топырағынан шыққан тұлғалар.

Өткен ғасырдың 50-жылдарына дейін бұл ауыл «Қалия», ал теңіз қолтығы «Қалия бауас» аталып келді. Бөген атауы кейінірек, 60 жылдарға қарай нықтырақ ресми мәртебе алған. Көнебөгеннен әрі, Боксары төбесінде Күлік Бөкен атамның кәсіп шашылып жатады екен, «Бөген» атауының бір жорамалы сол Бөкен қыстауына қатысты айтылу керек. (Абылай Ахметов ақсақал естелігін).

Кейінгі тарихтың бір елеулі оқиғасы – 1921 жылғы ашыққан Еділ бойынан Арал халқына

В. Ленин жазған хат және соған қатысты атқарылған шаруа мен тарихи құжатта аталған Бөген балықшыларының өз азаматтық ерлігі. Сол оқиғаға қатысты, әсіресе, Бөген балықшылары атқарған имандылық іс тарихымызға алтын әріптермен жазылған оқиға болды. Осынау адамгершілік үлгісі еліміздің кейінгі тарихында жалпыхалықтық сипатқа ие болып, ұжымдастыру және ашаршылық нәубеті жылдарында, Ұлы Отан соғысының қиын кезеңінде талай жұртты қамқорлық қанатының астына алған қайырымдылық дәстүріне жол ашты. Бұл тұрғыда біз адамзат бауырмалдығы мен ізгілік

Жарлығы өз қаржысымен ашты...» (Т.Әбдиев. «Біздің ауыл», 2009 ж.) Сол мектеп бұл елдің талай атпал азаматтары тәрбиелеп ұшырған қасиетті алтын ұяға айналды. Мектептің алғашқы шәкірттері болып, сол жылы жасы 7-ге толған Қосаев Төлеген, Қоренов Шаранат, Қошербаев Омар, Досбергенов Қанатбай, Кеулімжаев Шамша, Алмағамбетов Кемал, Сәрсенов Әбубәкір, Жолымбетов Әбжәлі, Қызылбаев Жалғасбай, Жәметов Шерекең, Токбергенов Сәрсен, Сұлтанов Бақи, Қожаев Жолшара, Бисенов Еңсеген, Мұхаммедиев Әбубәкір білім есігін ашты. Жолаев Турғанбай, Жолымбетов Аман, Серікбаев

Мүберек, Сермағамбетова С., Әуесбаева Төлбике арқылы жалғасты. Кейінгі тарихты мектеп директорлары Дәрменов Төлеш, Жумағұлов Садық, Әбдіқаримов Әділхан, Нұрышев Берік және оқу-тәрбие істері жөнінен орынбасарлар Нөкешов Шайкә, Есжанов Ысқақ, Саңқобаев Қапи, Жанелов Тілеужан, Ешниязов Салмырза, Жәнішев Марат, Ағытаева Күләш, Нұрекешова Ұлбике, Қожанова Мәриямкүл, Андыбаев Марат жалғалды. Шәкірттерін биік арман жолына салған Құрманов Жалғас, ел шежіресін жинап, Аралдың бейбітшілік «гимніні» жазған Әбдиев Тастыбай ұстаздардың орны бір бөлек. Бұл



үлгісін әлемге паш еткен ел ретінде мақтана аламыз. Қазақ жұрты бүгін бұл имандылық мысалдарымен әлем алдында биік мәртебеге ие болып отыр.

Әкелеріміздің сол еңбегі Арал өңірі тарихында елеулі із қалдырды. Шағын ғана Алтынқұдық теміржол бекеті Арал атанған қала мәртебесін алып, аудан орталығына айналса, №11 шаруа ауылы – Бөген қыстағы (поселок) мәртебесіне ие болып, онда поселкелік кеңес, мектеп, аурухана, балық тресі құрылды.

Жалпы, Арал теңізі алабында теңіз навигациясы мен балық аулау және өңдеу өндірісі күрт жанданып, одақтық маньзы бар, заманауи техникамен жабдықталған Арал балық комбинаты, төрт бірдей балық зауыты, қуатты Арал кеме жасау верфі жұмыс істей бастады. «Бөген қыстағы» атауы – еліміздің саяси жағрафиясында қала алдындағы елді мекен деген мәртебесін білдіреді. Мен бірлерде, Бөгеннің сол ауаымы күні бүгінге дейін ешбір бұйрық-жарлықпен бұзылған емес.

Міне, осы тарихтың кейінгі жүз жылы Бөгендегі білім шаңырағымен тамырласа өркендеуі жатыр. 1919 жылы мұнда ашылған мектептің алғашқы қадамдары жайлы былай жазылған екен: «...1919 жылы Бөгенде бастауыш мектеп ашылды. Мектепті татар байы Темірхан

Зейнеп, Серікбаев Құдайберген мектеп-интернатта тәрбиеленді. Тамыры тереннен, дәстүрі ежелден жалғасқан бұл мекеннен соғыс ерлері, еңбек ояттары, ғалымдар, елге үлгі болған айтулы азаматтар көптеп тәрбиеленіп шықты. Күні бүгін де олардың біразының көзі тірі, еңбек, қоғам өмірі салаларына араласып, ұрпақ тәрбиесінде үлгі көрсетіп, өмір сүріп жатыр.

Жалпы, Бөген мектебінен тәрбиеленіп ұшқан шәкірттердің биік білім деңгейі кезінде Одақ, республика көлемінде мойындалған шынық. Сонан да осынау алтын ұя бүгінде мемлекет, қоғам қайраткерлері, ғалым, үздік маман, ел тұлғалары болып қалыптасқан көптеген шәкірттерімен заңды түрде мақтана алады. Білім нәрімен шәкірт жанын сусыздатқан ардақты ұстаздар қауымы бұл қарашаның ардақты ең асыл қазынасы десе болады. Олардың бәрін қамтып айту мүмкін емес. Осыдан ғасыр бұрын шәкірттеріне білім дәстүрін екен алғашқы ұстаздар дәстүрі күні бүгінге дейін бір жолдан тайған жоқ. Мектептің алғашқы ұстаздар ағайыны Жарлығыбаевтардан бастап, Аман Жолымбетов, Көмеқбай Оңғаров және майдангер мұғалімдер ұрпақ тәрбиесі жолында еңбек етті. Бұл игі дәстүр кейін ұстаз-басшылар Рысқұлов Мүберек, Тойбазаров

күндері ұжым директоры Клара Мадиярова, М.Андыбаев, Г.Дабылова, А.Жумабаева басқарған ұстаздар қауымы еңбек етіп жатыр.

Іә, Арал аймағы өзінің ерек тағдырымен бүкіл әлем назарын өзіне аудартқан жер болғаны – тарихи ақиқат. Талай сынды да айтулы кезеңдерден қайыспай өткен осынау ел мен жер соңғы кезеңінің басқа салған сындарын да қара нардай көтеріп, өзінің ежелгі дәстүрін абырой биігінде жалғастырып келе жатыр. Бүгінгі ғасыр жасына толымды тарих, игі дәстүр, абырой биігінде жетіп отырған №20 3.Шүкіров атындағы Бөген орта мектебі осының бір жарқын мысалы деуге болады.

Дәуірлер желі соғады, заманалар көшінде дүние өзгерді, бірақ, көкірегі ояу, көзі ашық ұрпақ барда, біздің киелі тарихымыз ел жалды, сана көзі, көңіл төрінде өткеннен – өнеге, бүгінге – мысал, ертенге үлгі ретінде жаңғырып, жанданып, жарқырай бермек.

Жасай бер, біздің мектеп – қасиетті қарашанырақ, киелі алуың ың!

Сайлаубай ЖУБАТЫРУЛЫ,
жазушы, көсемсөзші-эколог,
Қоғам қайраткері,
Арал ауданының
Құрметті азаматы,
«Парасат» орденінің иегері.

Бір ауылдан түлеп ұшқан

Жалағаш ауданы бұрынғы Ленин колхозындағы №117 Мақпалкөл орта мектебін 1959 жылы бітірген тұлға бастауыш жоспарлап, алдына ала дайындық жұмыстарын ерте бастады. Сол жылы осы мектептен түлеп ұшқан 62 түлектің мекен-жайы, жұмыс орны іздестіріліп, деректер жиналды. Қазіргі заманауи технологияны қолданып, әр түлек туралы, оның отбасы, жұмысы тәрізінде видеокөрнекілік түсіріліп, слайд жасалды. "Бізге 60 жыл!" атты шақыру хат дайындалып, ұйымдастырушылардың және сол тұлғақтың бірі Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, республикаға танымал ақын Махмұтбай Әміреұлы үш шумақ өлең жазды.



Ауылы сыныптастар, армысыңдар, алас аман, бауыр бүтін, бармысыңдар. Мектепті бітіргені 60 жылдық, Жиыңға келгеніне алғысымды ал.

Бала едік кеше ғана ойнақтаған, Мектептен үлкен жолға енді аттаған. Жарқ етіп өтіп кетті жанымыздан, Жастық шақ ештеңені ойлатпаған.

Көп істі бітірейік, бітірмейік, Қайсысын көп жыртықтың бүгіндейік. Алдымен 60 жылдық кездесуге, Аман-сау жеткенге де шүкір дейік.

Алпысжылдық кездесуді ұйымдастырушылардың басы-қасында жүрген Жұмабек Аққұлов пен Сәбит Иманғалиев осыдан 60 жыл бұрын бір ауылдан түлеп ұшқан өз сыныптастары туралы

өмірбаяндық деректер жинастырып, алғаш сөзімен шағын кітапша шығарды. Онда әр сыныптастың өмірі, атқарған қызметі, алған атақтары, отбасы жайлы деректер айтылып, өзінің, балалары мен немерелерінің суреттері берілген. Кей түлектің мектептегі, жастық кезіндегі суреттері мен қазіргі кездегі бейнесі салыстырмалы жағдайда беріліп, арада өткен алыс жылдың ізі айқындалған.

– Шынның айту керек, кей сыныптастарымыз бірі-бірі танымай да қалды, – деді бізбен әңгімесінде кітап авторының бірі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Жұмабек Аққұлов. – Сұрастыра келе құшақ қауыштырғандар, көзіне жас алғандар да кезікті. Сол жылы мектеп бітірген 62 түлектің 30-ы бақилық болыпты. Олардың кейбірінен ұрпақ қалмаған, кей жандардың мекен-жайын қан-

ша іздесе де таппадық. Өкінішті, әрине. Дегенмен, кездесуе 52 түлек жиналды. Алды 80 жастың сеніріне шыққан, соның 77 жастың желкенін көтерген жандар үшін мұның өзі үлкен жетістік.

Ол кездері көп колхоздағы мектептер жетіжылдық болатын-ды. 1957 жылы Ленин колхозындағы №117 Мақпалкөл орта мектебінде бұрын оқып жатқандардың үстіне көшірілес 20 жылдық, Жамбыл, Ленин атындағы және Жанатаал колхоздарынан жетінші сыныпты бітірген балалары келіп қосылады. Барлығы 60-қа жуық оқушы интернатта жатып, үш сыныпқа бөлініп, жана ортада 8 сыныптың сабағын бастайды.

Биыл 60 жылдық мерейтойларына қатысып отырған тұлғақтың Мақпалкөл орта мектебіндегі үш жылы қызықты да қуанышты өткен.

Кітапшаны парақтай отырып, оның авторларының айрықша тер төккенін аңғарға болады. Жастары сексенге таяп қалса да, қолдарына таяқ ұстап, көз жанаңды еріткен достық сезімдерін сұлыптай, бір-бірін көруге асыққан жандардың игі ісіне ризалық білдіруден басқа еш сөзім таба алмадық. Өздері айтқандай, өздері отырғанға мәуелі ағаштың жемісін көріп, өмірдің шауқты кезеңін бастан кешіп отырған жандарға жарық дүниенің бар жаксылығын тілейік. «Өркез бір-бірінділі қолға, қаушығу асып, шауқты мезгілдеріңіздің қуанышты сәттерін үнемі еске алып тұрыңыздар!» дегім келеді.

Жумағұл ОРЛАБАЕВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

«СЫР БОЙЫ»- 90

Осыдан елу төрт жыл бұрын, яғни 1965 жылы еліктеушілік пе, әлде басқа себебі болды ма, алғаш қолыма қалам алып, облыстық «Ленин жолы» газетіне өзін оқитын ВЛКСМ-ның ХХХ жылдығы атындағы №20 Бөген орта

жабдықтылып, ауыр жағдайдағы емделушілермен туған-туыстарының палаталарға кірмей-ақ, телеэкран арқылы жүздесіп, сөйлесуін де жаңалыққа жаны құмар сол Жақсылық Сәрсенбаевтың өзі ұйымдастырған еді. Дерек дәрігер Жақсылықтың өзі келіп, екі ағамен ашық-жарқын әңгімелесіп кетті. Науқасқа күрделі ота жоспарланып,

жатқан қызмет мәселесінде шаруам жоқ. Ал, інінің ағаға деген ілтипатын аяқасты етсін деп төтесінен кеттім. Шәкен жымыя күліп, киіне бастады. Сол жолы қайта құру қиыншылықтарына қасқая қарсы тұрып, еңбек селін тасқындаып жатқан «Қармақшы» кеңшарының ерен еңбек үлгілері жөнінде етектегі мақала облыстық газет бетінен

на келген емдеуші дәрігер, ол кісінің сырқаты асқынып қайта түскенін баяндады. Бір сәт арнаулы құрал-саймандармен науқастың денсаулығын тексерсе бастадым. Міне, гажап! Жүрек, өкпе, бауыр, бүйректері мен басқа жүйелерден анау айтқандай ауытқушылықтар байқалмайды. Ішімнен ойланп қалдым. Әлде, жүйке жүйесі ма екен?

келуге жұмсайды. Сесі қатты енесі Жанбала мен атасы Қолтай әу баста: «Баламызда шаруан болмасын, емізгенді біл де өзімізге бер», – деп, мұны жолатпай қойған. Содан бастап Моншақгүлін бұл ата-енелері жоқ кезде айналып-толғанып құшағына қысады да, олар бар кезде жанына жақындай алмайды. Тұмса келіншек Қуанышқұл ұрланып көз тастап қояды. Өні, қызы томпаңдап барып, сол үйдегі балалармен ойнап кетті. Қас қарайып барады. Жаңа енесі жаулығы ағараңдап көрші шопанның үйіне қарай кетіп еді, бір кезде сол жақтан адамдардың қатты-қатты дауыстары шыға бастады. Сөйтсе, көршілері: «қызыңыз жаңа қас қарая сары қағазға оралған шегені алып шығып кетіп еді ғой» деп қ-а-р-р-р-а-а-п түр дейді. Содан дүрбелен басталады. Түн ішінде екі шопан аттарына мініп олай шабады, бұлай шабады. Иен дала тым-тырыс. Таң сөз бергенше, үлкені-кішісі жан-жақты шарлап, таң ата баяның ізін кеседі. Сөйтсе, бала қараңғыда қиыстап шығып, аласып, бір шақырымдайдағы қос айрық машинаның жолына барып аяқтарымен жерді сызып, жылап отырған-ау, шамасы. Содан әрі қарай ұшты-күйлі жоқ. Сол күннен бастап, бүкіл кеңшардың аудан мекемелерінің жұмысшы-қызметкерлері, тіпті «Қарақұмдағы» жер қайысқан әскерилердің бәрі аяқтарынан тік тұрып іздегенмен қыз табылмайды. Балаңыз тұр-түсі, жасы, басқа да белгілері жазылып, радиодан айтылып, халық шоғырланған жерлерге хабарландырулар ілінеді, газеттерге жазылады.

шылар кездесіп, сәбиді алдырына отырғызып, Қазалыдағы күйеуі Ұлы Отан соғысынан оралмаған жалғыздікті жақын апасының бауырына апарып салған ғой. Содан кейін қыз баланың азан шақырылып қойған аты-жөні, тегі өзгертіліп, бойжетіп, оқи орнын бітіріп, осы облыс орталығындағы бір мекемеде қызметте жүр екен. Бұл қазекемнің пыш-пыш әңгімесі қашан да қалған ба!? Ес біле бастағаннан қыздың құлағына оның жоғалып келген тарихы жөніндегі әңгіме жететін болса керек. Мекемесіне келетін газет-журналдарды оқып жүретін қыздың көзіне облыстық газеттің бетіндегі «Қайдасың, құлыным?» оттай басылып, анасына төрт паракты толтырып хат жазған ғой. Міне, облыстық газеттің 1989 жылғы ақпан айының аяғындағы нөмірінде жиырма алты жыл перзентінен көз жазып табысқан ана мен бала тағдырын баяндаған «Азет табыстырған тағдырлар» айдарымен берілген «Көпкөсір қуаныш» атты көлемді сенсациялық иллюстрациялық мақаланың авторлары майталман журналист Айжарық Сәдібекұлы мен фототілші Болат Омарәлиев еді.

Сыр басылымының сенсациялары

мектебінен жазған шағын хабарым архивіме алғашқы тырнақалды туындым боп сақталыпты. Ауыл мектебінің алтыншы классында жүріп жазған сол титімдей ғана хабарымда мектеп қабырғасында ай сайын шығып тұратын «Лениншіл ұлан» атты қабырға газетінің тартымдылығы мен мектеп оқушылары арасында спорт жарысының қызықтығы өткені туралы айтылған екен. Орта мектепті бітірген соң ауылдағы Бөген балық аулау базасында жұмысшы болып еңбек етіп жүргенімде жазылған мақалаларымда балық заводты мен шалқар теңіз үстіндегі «Калининград», «Токтаров», «Жигули» кемелері, алып баржалардағы балықшылармен қоян-қолтық араласып еңбек ете жүріп жазған мақалаларым көзіме оттай басылып, көз алдыма талай оқиғаларды елестетеді.



оның отаға дейінгі жағдайын өзі бақылап, дайындап, жаңа тәнергенділік облыстың бас хирургі Сағымбай Қарақұлдың жоспарлы күрделі отаны сәтті жасап шыққанын баяндады. Нарқозды өзі бергенің, жансақтау бөлімшесіндегі аурудың қазір толық өзіне-өзі келгенін, алайда отадан кейінгі жағдайының ауырлауы екенін айтты. Сөйтті де бөлмедегі қондырғыны іске қосып, Сақтаған аға мен әлгі кісі кәдімгідей керуетте жатқан науқас әйелмен телеэкран арқылы жүздесіп, сөйлесіп көңілденіп қалды. Сақтаған аға маған: «Бізді шығарып сала ғой», – деп сыбыр етті. Былай шыққан соң: «Редакцияға дәрігерлер туралы емделушілердің алғыс-рақметтерін айтқан хаттар жиі түседі. Бүгін мына кішіпейіл, білікті дәрігер ініміздің жарқын ісін көзімізбен көріп, көңіліміз тоғайды. Өзін осындасын ғой. Аурухана басшылығымен сөйлесіп, осы дәрігердің іс-тәжірибесі туралы үш-төрт бет көлемінде мақала жаз» деп төтесінен тапсырма беріп кетті. Көп ұзамай облыстық газет бетінде «Жүрегі Жақсылық деп соғады» атты көлемді мақала жарық көрді.

орын алып, сол қатал деген облыс басшысының өзі, «Е, мынадай да озат шаруашылық бар екен ғой» деп оң баға бергені есімде. Міне, кезінде «Социалистік Қазақстан», содан соң облыстық газеттің билей бөлім басшысы болған қарымды журналист Шәкізат Дәрмағамбетов ағаның ол да бір жан сұлулығын айғақтайтын этикеті еді.

– Апа, сізде көзге көрініп тұрған қауіпті сырқат белгілерін көре аламын дегеннен. Дегенмен, бүгіннен бастап тағы да қосымша лабораториялық-функциональдық тексерулер жасаймыз.

...1981 жыл. Облыстық ауруханаға бір-жар айға аудандан келіп хирургия саласынан білімді жетілдіріп жүргенмін. Күнделікті қарбалас сәтте «Анестезиология және реанимация» бөлімшесінің кіреберісінде тұрған облыстық «Ленин жолы» газетінің партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі, танымал ақын ағамыз Сақтаған Есмаханов пен жас шамалары сол құралпы ер адамды көріп, бұрылып сәлем бердім. «Мына кісі жақын досым. Әйелі ауыр отадан соң осы жансақтау бөлімшесінде жатыр. Емдеуші дәрігер Жақсылық Сәрсенбаев деген екен. Аурудың хал-ақуалын калай білер екенбіз?», – деді Сақтаған ағай сырбаз мінезімен сыпайы сөйлеп. Сол кезде медицина саласына жаңа технологиялар еніп жатқан болатын. Осы билық ғана жансақтау бөлімшесіндегі бөлме арнаулы заманауи қондырғылармен

Сенсация демекші 1989 жылы облыстық аға басылым – «Ленин жолының» араласуымен мынадай жарқын жаңалық болғаны бар. «Қармақшы» кеңшарындағы ауылдық аурухананың басшысымын. Маман дәрігерлер және әрбір саланың жауапты қызметкерлерін қатыстырып, аптасына бір рет аурухана бойынша «обший ход» жасалынады. Әйелдер палатасына кіргенде осыдан бір ай ғана бұрын емделіп шыққан көмекші шопан Қуанышқұл Қолтаеваның керуетінің жаны-

Сөйтсе, оқиға былай болды. 1963 жылы қыркүйек айының жиырма бесінде Қарақұмдағы «Қарашолақ» жайлауына кеп қоныстанып, киіз үйі тігіп жатқан бұлар үш жастан енді асқан Моншақгүлді, бес жүз қаламдай жерде қанаттасып көрші қоныстанып жатқан шопанның үйіне шеге алды.

11.7 сәуір 1989. №30-шы

Қайдасың, құлыным?

Күрметті оқырмалар! Жиырма алты жылдан бері сырқат шырғармай жүрген сырқаттың өзінде хабарлағанды жою көріп, бөл буын отарымын. Бәлкі, өзегімді жарып шық қал құлыным бір жерде жүр ме деген ой сізге қонғанын көңіліңізді ашыңдар.

Бұл 1963 жылғы сәуір айының жиырма бесі болатын. Қыркүйек өміріңіз «Қарашолақ» өлі мекемелік төрт жасарға жуық (бұл кезде тұтанына үш жыл тоғыз ай толып еді) кезінде Моншақгүл деген қыз балам үйден шығып кетіп жоғалды. Іші суытпай дамылсыз бір айға жуық жалғалып та, атпен де, машинамен де, сәлеметпен де іздеушісің сол мандайда бармаған жер бастаған тауымыз қалған жоқ. Жасырағылы жоқ, талдай жерге іздеу салдық, еміс-еміс хабар шығады: екі мотоцикл жүргізуші жол-жөпкей аласып жүрген баланы алып кетті. Бірақ, олар кім? Бала қайда? Бірақ мен үшін сол кездегі Моншақгүлдің күлімдеген ақсары өңі, бұйра қоңыр шашы, дөңгелек жүзі, томпақ мұрыны мен оң жақ қайыңдайы күйіктен қалған тыртық із көз алдымың кетер емес.

Күрметті редакция! Мен бұл хатты сіздерге жодалап отырғанда аналық көңілдімді білдіріп, өздеріңізден бір жерде болса ма деп отырмын. Моншақгүл табыла алмаған күнде (тірі болса) мұның есімі де өзгеріп, тіз беттен шығар) оны біреуден даулайып деп отырған жоқпын. Тегі ботаның тірлігінен дерек болып, ақ жүзің бір көріп, аналық мауқымды бассам болатын.

Қуанышқұл ҚОЛТАЕВА,
шопан.

Қармақшы ауданы, «Қармақшы» совхозы.

• соңғы поштадан

Алты редактор, жеті журналист атында көше бар

Сыр – Алаштың анасы!
Бұл сөзді Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаев тебірене айтқаны естен кетпейді. Бір кезде жоғарғы билік басындағылардың бірі Қызылорда облысын тарату жайында ұсыныс жасап, шешім қабылдау сәті тұғанда Елбасы қорғап қалғаны ел аузынан түспейтін болды. Бұл шынайы шексіз алғыстан туған ақиқат.

Сыр елінің байырғы басылымы – «Сыр бойы» газетінің шыға бастағанына биыл 90 жыл толды. Басылымда талай аға буын өкілдері басшылық жасады.

Содан бөлек Қызылорда қаласының орталығындағы бірнеше көшелер әр жылдарда «Сыр бойы» басылымына басшылық жасаған редакторлардың есіммен аталады.

Газет редакторлары Ұзақ Бағаев, Зейнулла Жарқынбаев, Қалқабай Өбенов, Базарбай Сарбасов, Хамза Сыздықов, Тойбазар Елемесовтерге қалаңыз бір-бір көшесі берілген. Орталықтағы көшелер бойымен жүрген жас ұрпақ өкілдері оларға тағзым етіп, еске алу дәстүрі қалыптасты.

Басылымда қызмет істеген журналистер Мырқы Исаев, Жақсылық Бекхожаев, Ахметжан Нүрекеев, Орман Нұрхабаев, Құрманғали Ажаров, Жақсылық Түменбаев, Қазі Данабаев атындағы көшелер ескерткіш секілді елестейді.

Сондай-ақ, ақын Әбділла Тәжібаев, Асқар Токмағанбетов, жазушы Ғабит Мүсірепов, Айтбай Хангелдин, Зейнулла Шүкіров, Сырбай Мәуленов, Сәбит Мұқанов, Нәсірдин Сералиев есімдерімен аталатын көшелер де қала сәулетінің жарқын көрінісі.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
ардагер-журналист.



Суретті түсірген Болат Омарәлиев.

Төлепберген Бөрібаев Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, орденді, озат шопан ғой. «Қап, әттеген-ай, ә», – деді де, жауапты хатшыны шақыртып, «мына мақаланы ертеңгі нөмірге салыңдар» деп нұсқау берді. Сол күні кешке ауылға келіп, Қуанышқұл апаға, облыстық газет басшысының мәселеге мән беріп, ертеңгі нөмірге жарияланатынын айтып көңілін демеп қойдым.

Ол кез пошта тасымалының саяси құндылығы бар кез ғой, келесі күні 1989 жылдың 11 ақпанында кабинетіме келген бір бума басылымдардың ішіндегі облыстық газеттің №30-шы санына шопан Қуанышқұл Қолтаеваның «Қайдасың, құлыным?» атты шағын мақаласы жарқ ете қалды.

Арада 4-5 күн өтті. Бұл кезде емделуші Қуанышқұл апаға қосымша тексерулер жасап, маман неврологтың тағайындаған ем-шаралары жүргізіліп, денсаулығы әжептәуір жақсарып қалған. Жұма күні түс қайта аурухана ұжымының бір апта ішіндегі атқарған жұмыстарын қорытып, келер аптаға меже жасайтын мәжілісіміз өтіп жатқан. Бір кезде хатшы қызды: «Кіруге болмайды. Мәжіліс өтіп жатыр» дегенін құлағына да ілмей, қолында көкілші консерт пен бірнеше парактары бар Қуанышқұл апа келе мені құшақтап, бетімнен сүйіп: «Айналайын, қарындасың табылды, қарындасың табылды», – деп біресе күліп, біресе жылап орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Әдепкіде түсінбей қалып, хатты оқыған соң мән-жайға қаныға бастады.

Сөйтсе, осыдан жиырма алты жыл бұрын жоғалған қызға сол түні қос мотоциклді киік ату-шылар кездесіп, сәбиді алдырына отырғызып, Қазалыдағы күйеуі Ұлы Отан соғысынан оралмаған жалғыздікті жақын апасының бауырына апарып салған ғой. Содан кейін қыз баланың азан шақырылып қойған аты-жөні, тегі өзгертіліп, бойжетіп, оқи орнын бітіріп, осы облыс орталығындағы бір мекемеде қызметте жүр екен. Бұл қазекемнің пыш-пыш әңгімесі қашан да қалған ба!? Ес біле бастағаннан қыздың құлағына оның жоғалып келген тарихы жөніндегі әңгіме жететін болса керек. Мекемесіне келетін газет-журналдарды оқып жүретін қыздың көзіне облыстық газеттің бетіндегі «Қайдасың, құлыным?» оттай басылып, анасына төрт паракты толтырып хат жазған ғой. Міне, облыстық газеттің 1989 жылғы ақпан айының аяғындағы нөмірінде жиырма алты жыл перзентінен көз жазып табысқан ана мен бала тағдырын баяндаған «Азет табыстырған тағдырлар» айдарымен берілген «Көпкөсір қуаныш» атты көлемді сенсациялық иллюстрациялық мақаланың авторлары майталман журналист Айжарық Сәдібекұлы мен фототілші Болат Омарәлиев еді.

Иә, ой өрбітіп, қалам тартқан соң халықтың мүддесін күйттеп, оқырманның суындап оқитын тақырыбын қозғағанға не жетсін! Сырт ауданда жүріп, рабайда облыс орталығына барсам редакцияға бас сұғып, қара шаңырақта отырған мүйізі қарағайдай журналист көкөлерімнің кабинеттеріне жеке-жеке кіріп, сәлем беретін әдетім бар-тұғын.

Басылымның жауапты хатшысы, кішіпейіл, сезімтал ағамыз Шора Ералыев өзінің жеке жұмыс кабинетінде темекісін бұрқыратып отырып: «Қарақұмдағы ғарыш кешенінің әскери алаңдарымен қоян-қолтық араласып жүрсін. Гептилдің айналдағы тіршілік иелеріне келтіріп жатқан зардаптарын дәлелдеп, неге соны саған проблема етіп көтермесек?!» Өзіме іш таратып қармақшылық Шора ағаның сөзінің жаны бар еді. Өйткені, адам ағзасын көрер-көзге ұлап, қайғылы жағдайларға ұшыратып жатқан әскери Байқоңыр ғарыш айлағының кесір-қесепатын Қарақұмдағы өзін қызмет атқаратын малшы отарларын аралағанда көріп жүргенмін. Алайда, әдепкі кездері ғарыш айлағының азға тігізген кері әсерлерін зерттеп, ғылыми жұмыстар жүргізіп жүргенім біреулердің жұмысымен аудандық партия комитетіне жетіп, хатшының «бала байқасын» соң ол істі доғаруға тура келген. Шора ағаның сөзі қамшы болып, нар түзектел деп, фактілерді ғылыми айғақтармен ұштастыра отырып, облыстық газет бетінде жарияланған «Табиғат Анаға тәу етпейік!» (1990), «Байқоңырда болмақ бар ма?» (1993), «Жүрегіме дерт байлаған Байқоңыр» (1996) атты көлемді мақалаларымның оқырман ойынан шығуына алдыңғы толқын ағаларымыз Әскербек Рахымбекұлы, Жақсылық Рахманқұл, Айжарық Сәдібекұлы, Ақберген Ержан, Арзыбек Мәдениеттердің ықпалымен қолдайтын болды.

Бірде бас редактордың орынбасары сырбаз жігіт Арызбек Мақсұтұлы әдеттегінен күлімсіреп отырып: «Өбеке, жылдан-жылға облысымызда тастанды балалар көбейіп барады. Дәрігерлік мамандығыңызбен перзентханаларда, сабилер үйінде болып, осы проблеманы көтеру сізге тиімді болар еді» деген ұсынысынан соң «Тас бауыр аналар, тастанды балалар» атты айғақты фактілермен зерттеіп жазылған көлемді мақала жарық көрді.

«Сөз – өмірдің салықалы түйіні, әрбір сөзге жатыр маржан бұйығы», – деп тәжік ойшылы Жәми айтпақшы, әрбір кезекті саным асыға күтіп, түрлі жанрларда жарияланып жататын дүниелерден санасын суындатып, ой-өрісін байытып отыратын «Сыр бойының» сыр саңдығының алтын қақпағы айқарыла ашыла бергей!

Амангелді
СУХАНБЕРЛИЕВ,
«Ерен еңбегі үш»
белгісінің иегері,
Денсаулық сақтау
саласының үздігі.
Қазақстанның Күрметті
журналисі.

«ҚӘ» газетінің 39-ыншы саны шыққанда

«Тәуір ақын едің Қызылордала, Сұм Алматы сондағыдай болмады, ә! Мақалаңды оқып жүрміз газеттен, Өлең жазбай кеттің, кінәң сол ғана».

...Кіна тағып, кінәсі жоқ ұлға бұл, Ауыл жақтан хат келеді жылда бір. Жаз десеңіз, ал жазайық өлеңді, Бітпей жүрген шаруа еді бұл да бір.

Өлең жазбай не тындырып жүр дейді, Дәл осы өкпе Алматыға жүрмейді. Қарағашқа қонған кара қарғалай, Алматыда бір мұң барын білмейді.

Түнгі Алматы шамын түгел сөндірген, Түннің шашын төрт бұрым қып өрдім мен.

Төрт тарау жол жүрегімді түйрелеп, Өлең жазып не рақат көрдім мен?!

Таң атқанша, түннің торы сегінеп, Ал жазайын бір бет әлде екі бет. ...Ұлықбектей ағам сонау көктемде, Өлеңіңді басамын деп кетіп ед.

Одан бері жаз да жиы желегін, Күздің енді сұл-сұр өңін көремін. Түсімде де тыраулайды тыраңдай, Ұлағам берген бір топ өлеңім.

Уақыт

Әлдилеген ананың, Кең ғой, шірікін, құрсағы. Қайда айдады заманым, Келтірместен мұршаны?

Таусылды ма амалым, Қанжар сүйген қайрақтай. Қуырлыды табаным, «Саяламай, сай таппай».

Сарнай, сарнай жақ талған, Қай бір тілек болғандай? Тексіздікке тапталған, Біздің маңдай – сор маңдай.

Шындықты ерттеп, нокталап, Жыңды, жарым естеніп. Жеті атадан боқтап ап, Мінді Өтірік. Не істедік?

Қара жауау, қарың аш, Қара жолдың үстінде, Жұртым, сірә, жарымас, Ақиқаты түскірге.

Өлді тағы бір күнім, Қалған көңіл суыды. Уақыт – қу түлкінің, Жарылардай қуығы.

Қыңыр тірлік, сараң бақ, Қинар мезгіл, қылы күн, Заманымды жамандап, Қайда барып жылымын?

Ақыл айтып сандалма, Уәжің иланбас. Сыймай жүр ғой жалғанға, Тақияға сыйған бас.

Жастық – мастық...

...Жұмысты жаптырып істейтін Нүркең жыын-тойда да «аттын басын» жіберетін... Бауыржан Бабажанұлы, «Жаманның сандырағы...» мақаласынан

Жұтқыншаққа жүз грамм лактырғасын, Қалайша жібермейсің «аттың басын»? «Аттың басын» мен талай жіберіпін, Тапқан жерде құлқыным таптырмасын.

Ішіп алып, көз алдым тұманданып, Өтті-ау күндер сыраға тұрар барып. Өмір, өмір, өмір деп өлең айтып, Қайтқам сосын қан жылап, құр алданып.

Ішіп алып, көздері сан аларған, Ішуді мен үйренгем ағалардан. Тағдыр, тағдыр, тағдыр деп, Тағдырға арнап, Өлең жазып жүрегі жараланған.

Ағаларға еліктеп жараландым, Тіршіліктен жетерлік сабақ алдым. Өміріңе өкпелеп ішетұғын, Құрпы қалсын қылығы ағалардың.

Ішкен кезде қайтейін ұнағанын, Есімде ғой жер құшып құлағанын. Бас жазуға бірақ та бес-он теңге, Ано-оу ағам сияқты сұрамадым.

Бүгін бар да, ертен жоқ, қалтыраған, Сұрамастың аманда арты қаран. Сұрап ішкен ақынның күні құрсын, Ішкім келсе, сұрамай тартып алам.

Көп жібердік, Баукем-ау, «аттын басын», Жұтқыншаққа жүз грамм лактырғасын. Білместікпен бір тебе жаздаппыз-ау, Қара басқа кеп тұрған бақтың басын.

Елубайға

Бұл саған Алладан келген сын, Алла енді дертіңді ап, дем берсін. Сілкініп орнынан тұр қазір, Сен емес дұшпанның сенделсін.

Жебедей жүрекке қадалған, Мұң, зарды жұлып ал сананнан. Жаманға өкпелеп отырмай, Енбек қып наным тап адалдан.

Дейтұғын жанға жан, қанға қан, Мықты ең ғой сен болат балғадан. Тәуекел деп тағы белең бу, Жүрекке күш тілеп Алладан!

...ге

Өне бойы өзін жайлы ой кештім, Есім кетіп елу деген жасымда. Аспандағы Аймен ғана сөйлестім, «Ғашық болып қалдым ба, – деп, – расында».

Көкте жүзіп бара жатты толған Ай, Білем ғой деп, білем ғой деп барлығын. – Білсең айтшы, барға куә болған Ай, Не болады ашсам сезім сандығын?

– Адамды адам сүю деген ғанибет, – деп тіл қатты Ай жарықтық алыстан.



Нұрлыбек САМАТҰЛЫ

Жүрегімді бір ғаламат қариды от, Сенің демің сезілгендей ғарыштан.

– Жиырма бестің сезімінен таймаған, мендей жанды ойлай ма? – деп сұрадым. – Сүйелді, – деп сыбырлады Ай маған, – Өзің жакка сап жүреді құлағын.

Сенемін ғой, Айға ғана сенемін, Айдың тілін айтқызбай-ақ ұғамын. Түсіне алмай сүюдің сыр, себебін, Есім кетіп Айға қарап тұрамын.

Махаббатты шаттық емес, дейді мұң, Сағынышты бөсігіне тербеткен. Сыбырдай сырсы берер кей күнім, Соқпақтарға мойнын созып, сен кеткен.

Тәтті мұны кетпей қойған таңдайдан, Ғашық жанды түсінеді Ай ғана. Сағынышым жапырақтай сарғайған, Аткөпір боп шашылады айнала.

Ай жүзеді жоны да аппақ, жолы да ақ... Сүт сәулесін сараңсынбай себелеп. Мен тұрамын жүрегімді қолыма ап, Ұшып кете жаздап сынды ебелек.

Тысқа шығып көктегі Айға қарашы, Ұғынарың бөлкім мына жайды сен. Менделі ғой жүрегімің жарасы... Біліп қойса не дер екен бәйбішем?!

Мұң

Мойның кенет бұрды кеп, Гүл егуге Нұрлыбек. Жазғандарын оқыса, Басын алмай жүрді кеп. Шәмшия Жұбатова.

Бұл өмірден кейде шаршап, шалдығып, Қалған кезде орта жолда қаңғырып. Гүл егемін тереземнің алдына, Сұл қымын шөлдіресе қандырып.

Мұңымды айтам сосын барып, Гүлдерге, Не таптым деп мына өмірді сүргенде. Аяғымды аттап басам тұсау кеп, Армандарға жетемін деп жүргенде.

Гүлдеріме солай мұңым шағамын, Күрсауында қалып қойып қалаңын. Апы кіріп, күбі шығып базар тұр, Аш қасқырдай ашып тастап аранын.

Ақыл кірді, баяғыдай жоқ сезім, Сағымдарға кетті кіріп от кезім. Ойдағымды гүлден басқа кім ұғар, Айта алмаймын, шаға алмаймын көпке мұң.

Бұл пендеге әу бастан-ақ келте бақ, Мынау жүріс жүріс емес, селтең-ақ. Арманды да, ақшаны да тастай сап, Көшіп кетем баки жакка ертен-ақ.

Деймін-дағы жауап күтем гүлдерден, Гүл шірікідер соқыр, мылқау түрге енген. Гүл дегенім жәй сылтау ғой, әйтпесе, Сұрағыма жауап жоғын білгем мен.

Гүлге айтқаным өзіме айтқан сынаым, Әрине гүл бермес маған шырайын. Өзіме айтам, өзіме айтам өлең қып, Көңілімнің батпағы мен ылайын.

Аллама...

Біссімлла, Алла атымен бастадым... Көрдім Күннің қызғылт нұрын шашқаным. Көрдім тағы аспан асты, жер үсті, Тіршілікке қызу қадам басқаным.


Көрдім тағы... көрген көзге жас тұнды, Дөп талмастан жиырма үш жыл шегіп жүріп бейнетті,

Тал бойымды толқын тепті таскынды. Тәубе қылдым, қаһарыңды танып мен, Мысалы оның, асау тайлақ бас білді.

Шыға жаздап жатқан жанды санаттан, Жетеледің жарығыңа, Жаратқан! Қандай жақсы тамырыңда қан аққан, Қандай жақсы аппақ болып таң атқан!

Бар екен ғой көретұғын жарығым, Ризамын, Ақиқатым, Анығым! Кеше ғана мүшкіл еді мертіккен, Қылдырықтай құмырсқаның халі тым.

Өзің ғана күдіретсің, Асқағым, Қылғың келген хикметің қас қағым!



Сипатына әсте тілім жетпейді – Жерде жүрген ақылы кем қасқамын.

Дұғамды оқып, періштеме сыбырлап, Жатсам-дағы құмырсқадан қыбырлап. Тәңіріңнің түрік қой деп құлаға, Түнде тұрып жаздым өлең ырымдап.

Тажалыңды төндіремші таянған, Дәмелімін илаһи хақ саянған. Саусағыңа қыстырылған жәндікпін, Сол жәндікті сақтай тұршы, әй, Аллам!

Қос жаһанның алтын тәжі, әлем мұқтаж сөзіңе...

Бисмилла! Мейірімді Алла атымен бастадым! Өзің ғана Күдіретсің, Ақиқатым, Асқағым!

Адамзатқа ақыл беріп, Ақыретті мензедің, Ал пенделер түсінбеді, тұман басып көздерін.

Кербездік пен тәкаппарлық көкірегің лаптаған, Итше қапты бірін-бірі, иманы жоқ хас надан.

Нәпсіге ие бола алмаған, мысықтайын мауыққан, Жаһилия дәуірі еді, әділетке жауыққан.

Дүниелік ләззаттан шыға алмаған батпақтап, Жүректерін үрей буып, дүрсілдеген атқақтап.

Кәпір өткен қасақана нәбилермен таласқан, Нөпір өткен сандаған жыл сансыраған, адасқан.

Жүз жиырма төрт... мың пайғамбар шыбын жанын қиса да, Уахиға иланбапты пенде біткен бишара.

Тас тұғырдан медет тілеп, өксіп-өксіп жұбанбай, Үрейі ұшып зар илепті өлім сырғып ұға алмай.

Басыр болған пенделерін тағы да бір жарылқап, Ең сүйікті пайғамбарын аттандырды Лағыл Хақ!

Ең сүйікті пайғамбары – Хазіреті Мұхаммед, Мұхаммедтен есетұғын расұлдық жұпар леп.

Бір лап етер ләззаттан басқа ешбір нұры жоқ, Бейберекет шашып келген шауһатының құлы боп.

Үмметтері ә дегенде қасарысып, қырсығып, Мүшіріктер топтанып кеп таяқтапты құлшының.

Қолға қылыш алдырардай қатулы еді жауларын, Ғазауатта қан жоса боп самайынан саулады.

«...Адам деген бірін-бірі қуалаған толқындар... Әй, толқындар, Хақтың ғана қаһарынан қорқындар!»

Дөп талмастан жиырма үш жыл шегіп жүріп бейнетті, Алла-ай!

Ұлы Ахмед үмметіне бақыт жолын үйретті.

Иә, Расулға, нұр боп келдің жарқыратып әлемді, Бүкіл әлем күйрер еді кешіккенде сәл енді.

Өзің ғана дүниеге мән-мағына үстеген, Көркем үгіт, хикметпен, керек десе күшпенен.

Ажырамас пұттар менен ажыратып адамды, Санасына салып бердің халал менен харамды.

Сол күнді ойлап түнімен көз ілмеймін, Қалай ғана жазым бастық, білмеймін. Бірге туған бауыр менен туысқа, Базекем-ау, тастап кеттің зілдей мұң.

Зілдей мұңды тастап кеттің маған да, Зілдей мұңды артып қағаз, қаламға. Жоктау жаздым күніреніп, күйзеліп, Жүрек пенен салмақ салып жанарға.

Жұлдыздайын бір жарқырап жандың да, Ерте сөңдің, ұрынғандай жанбырға. Бұл тағдырға не деріңді білмейсің, Білмеген соң не боларын алдында.

Базекем-ау, Базекем-ау, Базекем! Бұл жалғанның рақаты аз екен. Бұл жалғанды бес-ақ күнге теңеген, Дана екен ғой бұрынғы өткен қазекем.

Базекем-ау, азамат ең ардақты, Жарық қып ең жанған шамдай жан-жақты. Енді аһ ұрып еске аламыз өзіңді, Тағдыр ерте салды ғой деп қармақты.

Бұл пәниде қала алмадым тұрақтап, Бақи деген жәй ақ емес, шын әппақ! Өлген жоқсын, өлген жоқсың сен деген, Ғарыш жакка кетіп қалдың, жырақтап. Бөу, Базекем!!!

Өзімді қайрау

Көргенің Алланың сынағы, Көтерер сынақты шын құлдар. Тамұқтың сейіліп тұманы, Басылар қиямет қырғындар.

Тек алға әрекет қыл аттап, Тәңірдің қылғаны – бәрі ізгі. Шығарлаң шақтарға шыдап бақ, Мұхаммед пайғамбар тәрізді.

Жаныңды тәңіге қалдырды, Жөнмен, Жуықтап барсаң да ажалға. Сені Алла жоқ емес, бар қылды, Тәуекел, түр енді, қажалма!

Жапалақтай көзін алып қашса-дағы жарықтан, Тәуекелге жетеледің пенделерді талыққан.

Алла басқа пайғамбарға уа, Хабибім демепті, Өзіңе айтты ардақ тұтып, биіксің сол себепті.

Мейірімді, рақымды Хақ Тағала атынан, Дұға қылып тазаладың күпірліктің татынан.

Қос жаһанның алтын тәжі, әлем мұқтаж сөзіңе, Ал әлемнің қан толып тұр, дәл қазір қос көзіне.

Бірін-бірі қырып жатыр, үстін-үстін бомбалап, Жер дірдектеп теңселіп тұр, ағып қаны сорғалап.

Зинакорлық, паракорлық, қорлық... қорлық... қаптады, Аманатқа қиянат қып, ар-намысты таптады.

Букмекер мен казино көп ақша тіккен құмарға, Ақша тіккен жерде иман жалқы сәтке тұрар ма?

Сенем! Бір күн асыл сөзің келген кезде кезегі, Мұнафықтар жерді басып жүре алмайды, безелді.

Кұдси хадиc естілгенде жүректерді баураған, Кәпірлерге дайын тұрар тозақ оты лаулаған.

Жезөкшенің үйлері мен казинолар кирайды, Ар-ождансыз шайтандарды тозақ оты қинайды.

«Ассаламу алейкум» деп бір-біріне мүміндер, Қол ұсынып көктемдейін жадырап бір күлімдер.

Шошқалайын шыңғырады әлсіздерді жылатқан, Сенем, сөйтпін ататынын әділетті бір ақ таң!

Тауыса алман Пайғамбарым, өзің жайлы баянды, Өлең қылып өрсем деймін иллахи хақ саяңды.

Мұратыма жетемін бе, жетпеймін бе... көрермін, Жете алмасам өкініш не, осы жолда өлермін!

Жоқтау

Досым Базарбай Ормановтың рухына Шыбын жанға шипа бер деп, әй, Алла-ай!

Жатқан кезде келеге еш келе алмай. Қайтпас жакка кеткеніңді естіп мен, Есеңгіреп, естен тандым сене алмай.

Сене алмадым, сене алмадым, сенбедім, Сенлей жанды қияр дейсің жерге кім? Азамат ең ел-жұртыңа ардақты, Туған жерге сінген адал еңбегін.

Естідім де еңіредім, езілдім, Бұл жалғанның шын жалғанын сезіндім. Бұл жалғанның шын жалғанын сезінсең, Келеді екен бұл дүниеден безінгің.

Сол күнді ойлап түнімен көз ілмеймін, Қалай ғана жазым бастық, білмеймін. Бірге туған бауыр менен туысқа, Базекем-ау, тастап кеттің зілдей мұң.

Зілдей мұңды тастап кеттің маған да, Зілдей мұңды артып қағаз, қаламға. Жоктау жаздым күніреніп, күйзеліп, Жүрек пенен салмақ салып жанарға.

Жұлдыздайын бір жарқырап жандың да, Ерте сөңдің, ұрынғандай жанбырға. Бұл тағдырға не деріңді білмейсің, Білмеген соң не боларын алдында.

Базекем-ау, Базекем-ау, Базекем! Бұл жалғанның рақаты аз екен. Бұл жалғанды бес-ақ күнге теңеген, Дана екен ғой бұрынғы өткен қазекем.

Базекем-ау, азамат ең ардақты, Жарық қып ең жанған шамдай жан-жақты. Енді аһ ұрып еске аламыз өзіңді, Тағдыр ерте салды ғой деп қармақты.

Бұл пәниде қала алмадым тұрақтап, Бақи деген жәй ақ емес, шын әппақ! Өлген жоқсын, өлген жоқсың сен деген, Ғарыш жакка кетіп қалдың, жырақтап. Бөу, Базекем!!!

Есімде, ұмытқам жоқ әлі, Мақпалқол көктемде толады. Саусағың ұстатпас сол қыздай, Шағала ұшатын жоғары.

Кілемдей құлпырған жаңғылдың, Қадірін шет жүріп шын білдім. Бөзбала дәуренім қап қойған, Даламды сағынып жыр қылдым.

Жыл дегенің жылжып кетіп барады, Біртін-біртін алыстатып араны. Бүгін сенің туған күнің тағы да, Не дейін мен, мұң басады сананы.

Нөміріңді өшіргем жоқ, бар әлі, Сағыныш боп сезімді еске салады. Өзіңді іздеп таба алмаймын мен енді, Тапса жалғыз қиял ғана табады.

Бүгін сенің туған күнің тағы да...

Жан сырым ғой сағыныштан сарғайған, Қобыз болып күнірсем шалғайдан, Менің емес, Хақтың ісі қалайда, Қиял қуып жазсам өлең әр қайдан.

Мына өмірге келген күн мен кеткен күн, Екі арасын сұлу етіп өткердің. Көктем сайын жыл құсы боп оралып, Көктем сайын жалбыз болып көктерсін.

Дөп өзімді жұбатамын, алдаймын, Түсінбеймін, осы өзі мен қандаймын? Бекер ме екен бұлдырық боп келмегің, Мақпалқолге енді қайтып бармаймын.

Кеткен күнің көкіректе болып мұң, Орындалмас ойға тағы жолықтым. Есімнің жүрегіме қондырып, Бақиға алып кетеді екем, соны ұқтым. ***

«Сіңлімнің баласы тасқа басымен құлап, ауыр халде жатыр. Өтінем, дұға етіңізі!» деген Рахия Абуованың тілек-өтінішіне орай.

Уа, Алла Тағалам, Дұға қып тұр бар адам! Қаға берме тобықтан, Ала берме жағадан.

Шипа берші балаға, Сабыр берші анаға! Қолы жана жетіп ет, Бір жүгірмек – қараға.

Кеп тұр тауы шағылып, Сұрап медет, жалынып, Демеп жібер пендеңді, Сарсаң болған, сабылып.

Сергелденге салмашы, Зәре-құтын алмашы, Құлдіретті Тәңірім – Бар ғаламның Алласы!

Ащы жасы дірдектеп, Диларына тұр беттеп. Қолын жайып, тізерлеп, Құлдіретіңді құрметтеп.

Ащы жасы тамбасын, Қайғы деген жанға сын. Қыын емес қолдасаң, Өйткені сен Алласың!

Ақиқатым – ұлы Алла! (Сен кілтсің, біз – бұранда).

Өзің бұйрық қылмасаң, Қурай басы сынар ма?

«Қолдай көрші құлды» деп, Бір міскін жан бұрды бет. Дұға қылып, қол жайған, Саматұлы Нұрлыбек!

Сүйемін, сүйемін барлығын...

Ойыма оралып бала күн, Көз алмай, елжіреп қарадым. Өзімді құмына аунаған, Суретін салыпсың даланың.

Шоқ жылғыл гүліне малынып, Шенгел тұр қонырау тағынып. Дертімді дәл бастың балшыдай, Жүр едім жете алмай сағынып.

Көңілдің сол болып алаңы, Көкірек от болып жаңалы. Сүйемін анадым сүйгендей, Жастық шақ өткен сол даланы,

Сүйемін даламның кеңдігін, Мен сүймей сүйей енді кім? Жанымның қалауын деп бастың, Дөп бастың, дөп бастың, сен бүгін.

Сүйемін даламның шалғынын, Сүйемін тап-таза таң нұрын. Сүйемін шеңгелін, жылғылын, Сүйемін, сүйемін барлығын.

Жардағы ұясын айналып, Көк қарға ұшатын байланып. Арыңды жастығым секілді, Бозарық ағатын лайланып?

Иісі бүркырап жиденің, Адамды түсірер күйге мың. Сабақтан шыға сап қашатын, Сегізде оқитын сүйгенім.

Есімде, ұмытқам жоқ әлі, Мақпалқол көктемде толады. Саусағың ұстатпас сол қыздай, Шағала ұшатын жоғары.

Кілемдей құлпырған жаңғылдың, Қадірін шет жүріп шын бі

ТАҒЫМ

Өмірі өшпес өнеге

«Өлі риза болмай, тірі баймайды» деген ата-бабалардың керемет сөзі бар. Осы сөз атадан балаға, қанша ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып, айтылып келе жатыр. Өмір үнемі қозғалыста. Адам баласы үшін дүниеге келу де, бұл пәни жарық дүниенен бақилық болу да табиғат заңдылығы. Бірақ, бұл өмірді әркім әртүрлі өткізеді емес пе? Өмірде өнегеді із, атадан балаға таусылмайтын мұра қалдырған данагер бабаларымыз бен ата-ағаларымыз қазақ жерінде көптен кездеседі.



Осы шаралар Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, кезінде партия, комсомол, ағарту саласының сардары болған Смағұл Ысқақовтың өмір жолы мен жеке еңбегін Қызылорда елінің әлеуметтік экономикалық даму жолындағы бөлініс бөлшегі ретінде қабылдау деп ойлайды.

Смағұл Ысқақов 1919 жылы шілденің 15 жұлдызында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында дүниеге келген. Жастайынан колхоз шаруашылығына, ауыл мектебінен қол үзбей жүріп араласды, он жасында «Құмжарған» жер серіктестігінің мүшесі болды. 1935 жылы 16 жасында Қызылорда қаласындағы Кеңес сауда техникумына түсіп, оны 1939 жылы жақсы бітіріп шыққан. Техникумы бітірген соң, әскер қатарына алынып, Қызыл Шығыста борышын өтейді. Ұлы Отан соғысында болып, Сталинград шайқасына қатысты. Қатардағы солдат, дивизия және артиллериялық бригаданың саяси бастығының комсомол жастар жұмыстары жөніндегі саяси көмекшісі болады.

1946 жылы әскер қатарынан босағаннан кейін Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің әскери бөлім меңгерушісі қызметін атқарды.

1948-1950 жылдар аралығында Қазақстан компартиясы Орталық комитеті жаңындағы екіжылдық партия мектебін бітірген соң елге оралып, Қызылорда облыстық партия органдарының бөлім меңгерушісі, партиялық комиссия төрағасы қызметтерін атқарды.

1962 жылы Қызылорда облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы Шымкент аймақтық басқармасынан бөлініп, өз алдына шағырақ тіккен кезде облыста 4 кәсіптік-техникалық училище, 1 құрылысшы мектебі (оқушылар саны орта есеппен бір мыңға да жетпейтін) болған. Осы жаңа басқармаға басшы болып бұрынғы партия, кеңес, комсомол қызметкері, соғыс ардагері Смағұл Ысқақов бекітіледі және оны 1985 жылға дейін үзіліссіз басқарды. Өзінің ұйымдастырушылық, еңбексүйгіштік қасиеттерінің арқасында облыстағы кәсіптік-техникалық училищелердің материалдық-техникалық базаларының нығайтылуына, оқу-тәрбие жұмыстарының, жас жұмысшы кадрларды даярлау сапасының арттыруына зор үлесін қосты.



артуына көп еңбек сіндіреді. Ол кісінің тікелей қатысуымен әрі білікті басшылығының арқасында 8 жаңа жобамен училищелер салынады. 1985 жылы облыста кәсіптік-техникалық училищелер саны 18-ге, ал оқушылар саны 12 мыңға жетті. Білікті жас жұмысшылар даярлайтын алдыңғы қатардағы Қызылорда облыстық кәсіптік-техникалық жүйесі жасалады.

Смағұл Ысқақов ағамыз қызмет істеген жылдары облыстық кәсіптік-техникалық білім беру саласынан Қасымов Толғабергелі Смағанбетұлы КСРО халық мұғалімі және бірқатар оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері Кеңес одағының және Қазақ Респубикасының осы саладағы үздіктері атағына ие болады. Жоғары басқару мекемелерінің төсбелгілері және мақтау қағаздарымен марапатталады.

Қазылы №5 теміржолға жұмысшы кадрын даярлайтын кәсіптік-техникалық училище Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Қызылорда қаласындағы №69, 58, Қазалыдағы №8, Жанакорғандағы №187, Сұлтанбегдегі №120 училищелер ВЦСПС-тің (Одақтық кәсіподақ комитетінің) бірнеше дүркін ауыспалы Қызыл Туының жеңімпазы болған.

Кезінде Одаққа аттары белгілі болған қызылордалық Еңбек Ерлері Үдбала Алтайбаева, Шырынқұл Қазанбаева, Оразбай Әбішев, Бақытжан Серімбетов, Арапбек Әбиев, Қарбоз Әлимов, Жадра Таспабетова, Салима Жұмабекова, Аманкелді Ахметов сияқты еліміздің көптеген ұл-қыздары да осы кәсіптік-техникалық білім саласынан білім және мамандық алған азаматтар болатын.

Смағұл Ысқақов ағамыздың Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін І, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, бейбіт өмірдегі ерен еңбектері мен жетістіктері бағаланып «Құрмет белгісі» орденімен, ондаған медальдарымен марапатталады.

«Жақсы адамның жақсы ісі ел аузында жүреді» дегендей-ақ, өз заманында да және күні бүгінге дейін Смағұл Ысқақовтың артық сөз естіген емеспіз. Ол кісі кеудесін көтерген шенеунік те, мен білемін дейтін бюрократ та болған емес, қайта ұжымның жеткен жетістіктерін әріптестерімен бөлісе отырып қуанатын, балаша шаттанатын. «Әрбір күнімізге аманшылықпен аттап, сол күнімізде қоғамымызға кішкентай да пайдалы іс жасасақ, алға қарай қадам басасақ, бұл да біздің жеңісіміз. Бірақ оны көре де, көрсете де білу керек» деген өзінің қағидалы сөзі үнемі айтып жүретін. Иә, Смағұл Ысқақовтың өмірлік еңбек жолы туралы көптеген әңгімелер айтуға да, жазуға да болар. Амандық болса, тайлы рет жазылар да», — дейді Сәкен және бір сөзінде.

Қадырбек БӨРІБЕКОВ, ҚР Білім және ғылым министрлігі қоғамдық кеңесінің мүшесі. Нұр-Сұлтан қаласы.

Таза ауа – жанға дауа

Бүгінде ауаның ластануы, қоршаған ортаға жанашырлық таныту құлді әлемді алаңдатып отырғаны белгілі. Осынау өзекті мәселе теңіз төскейінің перзенттерін де бей-жай қалдырған емес.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Арал ауданының жұртылығы дүниежүзілік «World

cleanup day – 2019» акциясына үн қосты. Айта кетерлігі, аталған акция әлемнің 380 млн-нан астам адамын қамтитын 150 елде өткізіліп отыр.

Қазақстанның Дүниежүзілік «World cleanup day – 2019» акциясына қатысуы елімізді жаһандық экологиялық акцияға қатысушы ретінде «жасыл» экономика қағидатын іске асыратын және 2030 тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді іске асыратын мем-

лекет ретінде танытуға мүмкіндік береді.

«Біз таза елді қолдаймыз» ұранымен өткізілген акцияға Арал ауданы бойынша 1300-ге жуық адам қатысты. Мемлекеттік мекемелер белсене атсалысқан тазалық шарасында 13 техника көмегімен 930 тонна қоқыс тиісті орындарға шығарылды.

Мұндай игілікті істер алдағы уақытта жалғасын табады.

Арал ауданы.

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНАДЫ. Кәсіпкерлерді ақпараттық қамту қызметі әрекет етуші және кәсіпті жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

Келесідей қызмет түрлері ұсынылады:

- 1) Орта және шағын кәсіпкерлікті, кәсіпін жаңадан бастағысы келетін тұрғындарды мемлекеттік қолдау жайлы ақпараттандыру;
- 2) Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың «Бір терезе» ұстанымы негізінде мемлекеттік қаржылай емес көмек түрі;
- 3) Орта және шағын кәсіпкерлік, жаңадан басталатын кәсіпкерлік субъектісіне мемлекеттік қаржылай емес көмекті функционалды түрде жүзеге асыру;
- 4) Қаржылай емес көмекті алу үшін шағын және орта кәсіпкерлерден және кәсіпкерлікті жаңадан бастағысы келетін тұрғындардың арыз-ын жинау;
- 5) Кәсіпкерлікпен айналысу үшін, оны ашу және жүргізуге кеңес беру қызметі;

- 6) Қаржы институттарымен жұмыс жасау талаптарын түсіндіру.
- ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**
- Кәсіпкерлік қолдау орталықтарының мекен-жайлары:**
- Арал ауданы** – Арал қ. Бактыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.:8/72433/79199;
- Қазалы ауданы** – Өйтеке би кенті – Өйтеке би к-сі, №9 үй, тел.:8/72438/79243;
- Қазалы ауданы** – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.:8/72433/79199;
- Қармақшы ауданы** – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.:8/72437/79120;
- Жалағаш ауданы** – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.:8/72431/79199;
- Сырдария ауданы** – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.:8/72436/79179;
- Шиели ауданы** – Шиели кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.:8/72432/79255;
- Жанакорған ауданы** – Жанакорған кенті, А.Иманов к-сі, №171 үй, тел.:8/72435/79120;
- Қармақшы ауданы** – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.:8/33622/23527.
- Анықтамасыз телефон: 40-08-74, 40-02-02 Call-Center - 1432

Хабарландыру

Шиели ауданы әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) уәкілеткерлер бекітіп беру жөнінде конкурсте өткізу қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығына маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурстер жариялады.

Конкурсстың өткізілетін уақыты мен орны:
Конкурс 21 қазан 2019 жылы сағат 10.00 өткізіледі.

Өтініш орны: Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі №66, байланыс телефондары: 8(72432) 4-21-50, 4-21-27; sx_shieli@mail.ru

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) уәкілеткерлер тізімі

№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты (спорттық балық аулау кәсіпшілік)	Жыл сайынға балықтандыру көлемі (дана)
1	Ханқожа	50	10 жыл	Әуесқойлық (спорттық) балық аулау кәсіпшілік	8750
2	Қамыстыққан	30	10 жыл	кәсіпшілік	5250
3	Соркөл	40	10 жыл	кәсіпшілік	8750
4	Тарша	60	10 жыл	кәсіпшілік	8750
5	Көктікөл көлі	58	10 жыл	кәсіпшілік	10150
6	Ортақкөл	64	5 жыл	қырлы қауіп бар су айдыны	11200
7	Жанаткөл	42	5 жыл	қырлы қауіп бар су айдыны	7350
8	Ербөл	5	10 жыл	кәсіпшілік	875
9	Қалғандария	77	10 жыл	кәсіпшілік	8750
10	Ақтайкөл	110	5 жыл	қырлы қауіп бар су айдыны	19250

Конкурсқа қатнаса алмайтын Шиели кенті, Т.Рысқұлов көшесі №66 үйден алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында (www.tabiget.kz) жарияланады. Конкурсның өтінімдерді қабылдау мерзімі – 2019 жылдың 20 қазаны сағат 13.00-ге дейін. Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен қуаңданырылады (бар болғанда).

Конкурслық комиссия.

Мұралық іс ашылды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Ақтолықын 2019 жылдың 9 наурызында қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №110 үйде тұрған азамат Елькеев Джанабайдың атынан мұралық істің ашылғаны хабарлайды.

Мұрагерлер басшы мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12, тел.: 8 701 122 99 93.

Хабарландыру

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысын 2019 жылдың 28 қазан күні сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Абай Құнанбаев көшесі №38.

1. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының қосымша тізімі бойынша өз арыздарына сәйкес үлестерін сату, құрылтайшылар қатарынан шығару және қосымша тізіміне сәйкес құрылтайшылар үлестерін бір болігін сату, жаңа құрылтайшыларды қосымша тізіміне сәйкес қабылдау, жиналыстың қорытындысымен белгіленген Жарғылық капиталдан бөкіту туралы және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу туралы.
2. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларынан одан әрі қаржыландыруға «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ-нан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2046 жылға дейін ашылған несие желісін ұлғайтып, несие желісін бөкіту туралы және осы несие желісін кепіл мүлкінен қамтамасыз ету мақсатында «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге кепілдік серіктестіктің балансындағы жеңіл автокөліктерді кепілге қоюға және сот рәсімнен сату құқығымен келісім беруі туралы және серіктестіктің депозиттік шотындағы ақша қаражатын кепілге қоюға, акцептіс шығыстан шығару құқығымен келісім беруі туралы.
3. «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ арқылы несилендіруді рәсімдеудің жаңа басшылығына шарттары мен т.б. ережелерін бөкіту туралы.
4. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылары арасында несие лимитін бөлу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлерін бар болса жиналыс ашылғанға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС әкімшілігі. (БИН: 040 540 001 348)

Жайың болсын жұмақта



Сум ажалға дауа бар ма. Өткен 2018 жылдың 23 қазанында бірімізге ауылу перзенті, асыл жар, ардақты әке, қамқор ата болған Құдайберді Әбжанұлы Исаев елу жасында бақылық сапарға аттанған еді. Соған бері аққан суың, соққан жеделі зымыран жыл өтті. Тағдырдың салғанына амалсыз мойынсұндық.

Ауылы азаматымызды аңсаймыз, сағынамыз. Сағымға айналды бара жатқан ағасының асыл бейнесін біз түгелі тоғыз жастағы сүйікті немересі Ханпадинашқа та айтып аузынан тастамайды. Құдайберді жолаушылар тасымалдау қызметінде өз қолтаңбасын қалдырған қажырлы жан еді. Енді жерде қосағы Ләйлаға, ұлы Жақсатқа, қызы Таңшолпанаға, немересі Ханпадинашқа жүрмі берсін.

Жылатып айда-жөкта жан-жағыңды, Ансатып ұл-қызың мен жан жарыңды. Алланың бұйрығымен кете бардың, Мәңгілік арқа тастап жалғандың.

Тынымсыз өмір-өзен арнасында, Болатын қасірет бұл жан басында. Жұлдыздай түстің ағып жол үстінде, Сол күзде елу деген ер жасында.

Жалғанда кім жетітті арманына?! Ажалдың кім көйбейді салғанына?! Мекенің мәңгі бақи жұмақ болып, Ғұмыр берсін артыңда жалғаның.

Марқұмның 4 қазанда сағат 17.00-де Арал қаласы, Зәур Махатов көшесі №46 үйде қонақасын, 5 қазан күні сағат 13.00-де сол қаладағы «Ханпадинаш» мейрамханасында жылдық асы болатынын барша айғанып, құда-жекежат, нағашы-жіен, дос-жарандары мен көрші-көлемге хабарлаймыз.

Еске алушылар: **анасы, зайыбы, ұл-қызы, немересі және бауырлары.**

«Колледж студенттерін Қызылорда қаласындағы жатақханадан орындармен қамтамасыз ету» МЖӘ жобасына бастамашылық ету туралы хабарлама»

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының» 2-параграфына сәйкес, «Колледж студенттерін Қызылорда қаласындағы жатақханадан орындармен қамтамасыз ету» мемлекеттік – жеке меншік әріптестік жобасы бойынша конкурстық рәсімдерді пайдалана отырып, жеке жеке әріптесті анықтау бойынша конкурс (бұдан әрі-жоба) өткізудің басталуы туралы хабарлайды.

1. Жобаның мақсаты:
Қызылорда қаласы колледж-дерінің 300-ден көп емес студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету.

Жобаны іске асырудың мынадай нұсқалары қарастырылады:

- пайдалануға берілмеген құрылыс аяқталмаған объектілерді іске қосуды қамтитын құрылыс жолымен,
- жеке серіктестің дайын ғимаратын пайдалану жолымен.

2. Жобаның негізгі параметрлері мен талаптары:

- 1) жобаны іске асыру орны- Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы
- 2) іске асыру кезеңі: 2019-2027жж., оның ішінде МЖӘ шартын жасасқан сәттен бастап 8 айдан артық емес пайдалануға беру, пайдалану кезеңі – 96 айдан кем емес.
- 3) жатақхана қуаты-300 орыннан

кем емес;
4) тұрғын үй бөлмесінен басқа коммерциялық үй-жайлардың (үй-жайлардың) болуы;
5) Жеке жеке әріптестің кірістерінің болжамды көздері:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2018 жылғы 14 қыркүйектегі №464 бұйрығымен бекітілген студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапшырысты орналастыру қағидаларына сәйкес жатақхананы қайта жанару кезінде)
- студенттерден алынатын жатақханада тұрғын үшін төлем
- пайдалану коммерциялық үй-жайлары, оның ішінде тапшыру, оларды жалға, сондай-ақ өзге де табыс, коммерциялық қызметпен
6) МЖӘ шартында белгіленген талаптарға сәйкес мемлекеттік қолдау - қызметтердің кепілдік берілген көлемін тұтыну шарасы
7) Ережеге сәйкес кемінде 20 (жиырма) жыл мерзімге жатақханадағы жаңа орындарды пайдалануға беру және жатақхананың нысаналы мақсатын өзгертуге құқық ауырталығы тіндіру;

- 8) теңгерім ұстаушы-жатақхана жеке жеке әріптестің меншігінде қалады;
- 9) жобаның техникалық күрделі және (немесе) бірегей тиістілігі;

3. Әлеуетті инвесторларға қойылатын талаптар:
«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы» ҚР Заңының 32-бабында және конкурсқа құжаттамада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкестігі
4. Жоба бойынша ұсыныстарды ұсынуудың соңғы мерзімі: 22 қазан 2019 ж.
Конкурсқа құжаттамамен қосылатын сағат 9:00-ден 13:00-ге дейін мына мекен-жай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1 құрылыс, каб.328
«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 328 кабинет.

Конкурсқа құжаттама тегін ұсынылады.
5. Байланыс деректері:
«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі» Мекен-жайы: ҚР, Қызылорда обл., Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1 құрылыс, каб.328
Анықтамасыз үшін тел.: 8/7242 / 60-54-60, факс: 60-54-55. Электронды почта: Bilim@korda.gov.kz
Алпысбаев Ернат Ергалиұлы, бөлім басшысы
Конкурсқа өтінімдер салынған конверттерді ашу 2019 ж. «23» қазан сағат 15.00-де жүзеге асырылады. № 328. Толық ақпаратты байланыс деректері бойынша алуға болады.

КӨКЕЙКЕСТИ

Құмырсақаның көйлегі

Бірде ауылдан қалаға келген бір кейуана қатарынан сарнаған дүниелік заттарды қария көзімен барлап шығып: «Мына құмырсақа құжынаған базарда құмырсақаның көйлегі ғана жоқ екен. Оған басқаның бәрі бар» дегені бар. Расында, Құдайға сансыз шүкірлер, басымызда тоқшылық дәурен. Нені қалайсың, не кием, қандай тағам жейін демеісің, таңдауға қарай түр-түрімен жанға керектің бәрі бар. Дегенмен, өмірін кезеңмен өлшеп, адамды тоқшылық алмаймыз. Солай болғанымен, осыны қаптаған дүниелер ортасында адамдардың қабақтары қатулы, жүздері жабырқаулы. Сонда жүректері нені аңсайды, нені көрек етуде, жыртқыш немен жамап жүр? Жалпы, баршылық адамзатқа не беруде, білеміз бе?

құнсыз қалып кететін қадірсіз дүниеге еліктеуден өз беткеңіретін өздері алып, жаңуысының шырқын бұзып, жамандыққа бет алуға. Мүмкін кінәрат әр адамның өзінде шығар. Дегенмен, таяқтың екі ұшы бар емес пе, осындай жағдайларға себепкер болу негізінде кімге жақсы? Болса мыңға шаш таратып, бет жүзді әсемдету мәңгіліктің сұлдулығына жатпайды. Кезінде айғаға қарап, өзінің сән-салтанатына масаттанып, мақтанып отырған әйгілі Харун



Жоқты бар, барды жоқ етуші Алла Тағала – барша ризықтардың Иесі! Оны адамзатқа дүние арқылы береді. Біреуге аз, біреуге көп, біреуге жеңіл не ауыр жолмен келеді. Өнімен де, сәннен де, есіл еңбегі, арам ниеті, маңдай тері, білектегі күшімен тауып жатқандар да бар. Сайып келгенде, адам дүниені тілімен не зілімен табады.

Өрісімде еркін өрісте-генімге отыз жыл өтті, нендей жетістіктеріміз бар? Аллаға шүкір, жеткен жерімізден тапқан табыстарымыз әлбетте баршылық. Алайда, көзге шоқтай басылатын бір ғана жайт – халықтың рухани деңгейі. Бір адамға бақандай отыз жыл – кешегі күнін бүгінгімен барыңша салыстырып, ара жігін анықтайтын уақыт. Өз-өзің қай жағынан болсын дамытып, отызға келген ұрпағыңа өзін дәлелдейтін әжептәуір мерзім. Мүмкін, елу жылда ел жаңаға салынып, бүгінгінің жемісін жиырма жылдан кейін күтетін шығар. Әйтсе де, өз ісіне бүгін есеп бере білгені дұрыс.

Қазір кімді болмасын, нені болмасын, іздеген дүниені әлеуметтік желіден табысың. Тек, оның пайдасынан зияны көбірек. Бір қызғиы, желіге байланған жылқылардай, қолдары сәл қалт етсе, кез келген отбасы бүкіл тайды-туяғымен ұялы телефонға шұқышып, алтын уақыттарың сарп етеді. Тіпті, бір-бірі аңдыған мысық пен тышқанның алаңындай. Туыс-туған, көрші-қолдаң, жекжат-жұрағат, абысын-ақын, қайын-балдыз, таныс-біліс, сыныптас-топтас, құрбы-құрдас, басшы-жұмысшы, әнші-күйші, биші-жыршы, сыншы-мінші, тағысын тағылардың жиырма төрт сағаттық құмыры зерттелетін жер. Өзінше сараптама беретін жаппай талауды орталығы. Ең сорақысы, жырықылды, гайбат пен күнәнің отаны. Ал, ондағы пікірлер – ақ ит пен көк иттің майданы. Тіптен қыжылтатыны, өмірлік бақытын жаңуысынан емес, сол гааламтордан іздейді. Отбасыда бір-бірімен шүйірлесіп сөйлесу, құпия сырласу, әңгіме сұхбаттасу жоқтың қасы болды. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың жолын жолдаған кезіндегі ата-бабаларымыз өз әулетіне аса мән беріп, жырт айтысып, келешекті болжап, өткенін бүгінге үшін, бір-бірінің жүзін көруге, қабағын таңуға дөңгелене молдас құрушы еді. Ал, бүгінгі біздер жеке-жеке, өз беттері, дара ой, құпияда. Сол құпия қапияда қалдыруда. Міне, отыз жылда халықтың өз бетімен өрбіген жетістік деңгейі. Сонда отыз жылда она-

масак, елу жылда қалай жаңарамыз? Көш жүре түзелетіні рас. Оған қанша уақыт керек есі?

Көп түкірсе көл демекші, еліміздегі мешіт имамдары мен иманды азаматтар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруда. Жағдайсызға сая жасап, көп балаға баспана тұрғызып, әл-ауқатына көмек, киер киімі мен ішер асына дейін тасып беріп жатыр. Қалай ойлайсыздар, осы тоқшылық адамдарды жалқауландыраған жоқ па? Ең болмаса, өзіне өмір берген Құдай Тағалаға сол өмірін сеніп тапсырып, оған күніне бес рет иіліп намаз оқуды, шүкірлік етуді әлдеқандай зор бейнет көретін тәрізді. Халықтың санасы рухани жаңғыруды нәліктен қабылдамай келеді?

Қазіргі ұлы Төле биі үш ақылды өсиет етті. Соның бірі – тапқан дүниенмен мақтанбау. Бұл өз дәуіріндегі бір бағырдың алтын пышағын жұртқа мақтана көрсеткенде айтқаны. Десек те, бүгінде бәрінің қолы майлы емес. Өріне, бай-қауатты болу немесе жұрттан озу шарт емес. Бірақ, арамызда күні бүгінге дейін мына заманауи өркениетті көрмеген жандар баршылық. Қымбат көйлек демейін, пұл шүберектің түсін көрмей, оның иісін сезбей-ақ таза ауа мен жазира даланың алақанында қаннен-қаперсіз түтінін түтетіп отырған отбасылар бар. Ал, олардың рухани тазалықтағы келеді өсімтал ұрпағының көкейінде не бар, кім біледі?

Қазір ән-сәнмен дүние табушылардың қай-қайсысы болсын, мінген көлігін, сыйға тартқан гүлін, сатып алған шүберектің елдің алдына шығарып «Менің тапқан дүнием, жеткен шыңым осы» деп, әлеуметтік желіні ұршықша іріп отыр. Біреудің жиған дүниесіне жамандық тілеуден сақтасын. Алайда, бұл істерін кімдер көруде, ол басқаларға үлгі не әлде күлкі ме? Ол біреуге қуаныш па әлде қайғы ма? Бұдан кімнің көңілі тасыды, кімнің жүрегі жасыды? Осы жағын неге ойламайды? Мұндайды тұрмысы томен отбасылар да істегісі келеді. Оларға Алла бермеді, мүмкін сынағы болар, мүмкіндігі жоқ шығар. Біле білгеніздер, бұдан жүректерге пәстік ұялауда, қызғаныш пен көреалмаушылық туындап, тағдырлар толқуда. «Менің де ән айтқым келеді», «Менің де қызым қымбат көйлек кісе екен» немесе «Менің де ұлым көлікті болсын» деген ойлар шарықтап, шаңырақтарда ойран салуда. Яғни әйелі күйеуінің, күйеуі болса әйелінің кемістіктерін біріннің бетіне бірі басып, Алла алдындағы

Рашидке перденің артына жасырылған қызметшісі «Сіздің осы сұлдулығыңыз мәңгілікке сақталса ғой» дегені бар. Ендеше, ешбір жаннның көңіліне көленке болмаған жөн. Бұған дін шариғаты немесе үлкен даналық қажет емес. Жүректелі ұыстай иман, Құдай берген сәл сана болса жеткілікті. Осы тұрғыдағы паш етілген мақтан істер Құдай дүние бергенімен, ақылдан кейде еткенді көрсетеді. Сонша жеңіл жолмен келген дүние сонша жеңілдікпен тарап, не тұқмына, не өзіне пайда бермейтін өмір тарихтан айқын. Дүниесін мақтан ету, онымен елдің алдына дараулану – мейірсіздік, қалірсіздік, мәдениетсіздік. Шариғат шартында бұған тыйым бар. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз қызыл-сары киім киюді және тәкаппарлықпен елден оқшау-ланып, өзін көпшіліктен артық санауды шайтан істері екендігін мензеген. Халқымыздың «Жаман жегенін айтады» дегендей, ием Ғазали (р.ғ.) «Адам ішкен-жегімен мақтанса, ол адамның құны сол тағамнан шығатын нәрсеге тең» дегені бар. Мүмкін осындай еліктеу, адам киесіттің жоғалуы, шынайы жүректердің қараюы, тұкке дарымай қадірсіз болуы, басына қайғы-қасірет алып келуі, құнсыз дүниенің шарықтап кетуі қиямет белгілерінен болар. Десек те, мақтану жаман қылық. Өйткені, қазіргі заманда адамды елдің алдына шығаратын бір ауыз ән мен бір беттегі сән болып қалды. Себебі, тұқымнан тұқымға емес, көше көрмеген адамның таққа шығуы, елдің көзі үшін жымия суретке түсу, бай байға, су сыйға дегендей, табиғаттың бұзылып, көрінген жерден су шығып, көрінген жерді ну басып, кешегі жаяу адамның бүгінде сәлем бермей қалуы қиямет белгілерінен деп түсіндіріледі.

Дінтанушы ретінде мектептерге жиі барып, ұжым қызметкерлері, оқушылармен кездесіп тұрамын. Бір кездесуде «Бұл мектептің ішінде бір әулие бар» дегенімде, баршасы оның кім екендігіне ойланып, әркім өзін топышылап, ақырында таппады. Ол дара қасиетті адам – оны ешкім елемейді, еңбегін бағаламайды, оған басшылар ұрсып, оқушылар менсінбей қарайды. Киімі қарпайым, жүзі иті, қабағында кірбін, жұмысы адал абзал жан. Оның әлеуметтік желісі жоқ, балаларында бастырмалы ең арзан ұялы телефон. Ол кім десеніздер, еден жуушы апапайлар, аналар!

Нұрлан қажы БАЙЖІТТҰЛЫ,
дінтанушы, имам.

ТУРНИР

Шиеді кентіндегі № 46 Пушкин атындағы мектеп-лицейде спорт жанашыры, шахматтан бірнеше мәрте аудандық, облыстық турнирлердің жеңімпазы болған Мәлік Махановты еске алуға арналған облыстық турнир өтті. Бәсекеге Қызылорда қаласы мен Жалағаш, Шиеді, Жанақорған аудандарынан және Кентау қаласынан 30-ға жуық үміткерлер келіп, өзара бақ сынасты.

Тақта үстіндегі тартыс

Шиеді аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Жібек Баймұратова мен аудандық шахмат федерациясының президенті Болат Құлымбет таланты тұлғанын жастарға тартымды тәлімі әсерлі әңгімелеп, турнирді ашып берсе, марқұмның ағасы Алтай Шәукебаев пен апасы Ұрзада Шәкірқызы да сөз алып, естеліктерімен бөлісті.



Мәлік Маханов саналы ғұмырында белсенді еңбек етумен қатар спорттың шахмат түрімен шұғылданды. Аудан намысын қорғаумен қатар кейінгі жастарға үлгі көрсеткенді.

Жансерікқызы есімді қатысушы 19 жаста. Турнир соңында шахматтан тапқыр ойы мен жүйрік шабысының арқасында көзге көрінген ойыншылар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бірінші орынды жанақорғандық Ерсерік Әділет, екінші, үшінші орындарға шиеділіктер Омаршайх Болат пен Бекболат Мизамбаев тұрақталды.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ,
Шиеді ауданы.

Хабарландыру

Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасы «**Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау**» компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

Төмендегі қызмет түрлері онлайн түрде www.services.atameken.kz порталы арқылы қосылды:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Келен рәсімдері бойынша қызметтер;
3. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
4. Заң қызметтері;
5. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
6. Ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кенес беру қызметтері;
7. Мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтер;
8. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы қызметтер.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді онлайн түрде алуға болады:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
3. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер.

Жарамсыз деп есептелсін

«Шалқия-Бейкен» Компаниясы» ЖШС (БСН 060640010683) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы мен мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ LATYN QARPIN ÜIRENEMİZ

Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйретуді бастады. Бүгін сабақтың – он төртінші күні. Сонымен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы мамандарының Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарының жүзеге асыру мақсатында дайындаған «Жаңа қазақ әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Берілген тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk_kzi@mail.ru (тел.: 70-06-81) электронды поштасына жолдап, марапатқа не болыңыздар!

Qurmetti oqyrman!

Qyzylorda oblysynyń tilderdi oqyty ortalyǵy mamandarynyń Qazaq әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі respublikaлық іс-шаралар жоспарының жүзеге асыру мақсатында дайындаған «Jańa qazaq әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын jumys дәптерін» belsendi oryndaǵa shaqyramyz. Usynylǵan әдістемелік qural lатын графикасына neǵizdelgen qazaq әліпбиінің әріптерін jazıǵa үiretedi. Grafikaлық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс jazıdy және olardıń balıanysın ажыратıdy meńgeredi.

Berilgen тапсырмалардыń jaуаптарын tilortalyk_kzi@mail.ru (tel.: 70-06-81) электронды poштасына joldap, mарапатqa ne болыңызdar!

Jumys дәптери
Aty-jóni: _____



1. Әріпті жазыңыз
L _____

L _____


2. Sözderdi oqyңыз. Qajetti әріпті jazyңыз.
aq, ayq, atyn, ashyn, aqday, astay, әngi, ebiz, ezde, ipil, ayazym, bi im, e gezek, sa aq, ba ta.

3. Söilemdi kóshirip jazyңыз.
Basqalardy úrete júrip biz ózimiz úirenemiz.

Eshteńe týraly suramattyn adam eshteńe úrenbeidi.

Mı oilagandy til tyndyrady.

4. Syreterdi spattap sózben jazyңыз.



5. Syretti spattayңыз.

